

Тәуелсіздіктің негізгі мәні – тарихтың жаңа бетін өз еркімен, өз шешімімен бастауда болса керек. Тәуелсіздік бізге жаңа жолымызды, өзіміздің соны соқпағымызды табуға зор мүмкіндік ұсынды.

Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ИНДЕТПЕН КҮРЕС



ЕКПЕ АЛҒАН
МИЛЛИОНЫНШЫ
ТҰРҒЫН

3

ТАҒЫМ



ӘЙГІЛІ ӘНШІ
ЗИРАТЫ
ЖАҢАРТЫЛДЫ

6

ЖАҚЫНЫҢА
ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 8 қарашадағы
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
1 002 547

II компонентпен
951 427

адам вакцина салдырды

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

09.11.2021

Түнде:



0-5 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз. Тұман.

Күндіз:



+5+10 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің
жылдамдығы:
2-7 м/с

10.11.2021

Түнде:



0-5 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+8+13 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
9-14 м/с

РЕВАКЦИНАЛАУ БАСТАЛАДЫ



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматыдағы Орталық клиникалық аурухана директорының орынбасары Эльвира Ибрагимова Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында қарашаның үшінші онкүндігінде басталатын қайта вакциналау туралы айтып берді.

Спикердің айтуынша, мегаполис дәрігерлері халықты коронавирусқа қарсы вакциналау дұрыс шешім деп есептейді. Өйткені, әзірге халықтың ұжымдық иммунитеті толық қалыптасқан жоқ, эпидемиологиялық жағдайдың тұрақтануына қарамастан, инфекцияның одан әрі таралу қаупі бар.

3

ТУРИЗМ



«БАҚЫТ ЖОЛЫ» ЖАҢАРДЫ

6 қарашада оңтүстік астана қонақтары мен тұрғындарына сый – «Тропы счастья» жобасының екінші кезеңі нәтижелерінің таныстырылымы өтті. Жобаның басты мақсаты – кәсіби альпинист емес, қатардағы туристерге тауға шығуды неғұрлым қауіпсіз ету.

«Екінші кезең аясында үш соқпақ жол абаттандырылды: Каменское плато – Көкжайлау – Батарейка сарқырамасы, Медеу – Фурманов тауы – Панорама шыңы, Казачье шатқалы – Көкжайлау шатқалы», – деп

атап өтті BI Development Almaty жобаларының директоры Әсет Ибраев. Нақтырақ айтсақ, аталған жоба негізінде 11 баған, 42 орындық, 7 беседка, 3 стелла, 1 көпір, 1 экодәретхана мен 3 үйшік орнатылды.

2

ҚЫСҚА...

- Қазақстанның бокс құрамасы бокстан Белградта өткен әлем чемпионатында 2 алтын, 2 күміс, 1 қола иеленді.
- Алматыда Париж төрінде ән шырқаған дүлдүл Әміре Қашаубаевтың зираты жаңартылды.
- Оңтүстік астананың 50-ге жуық полицейі «Алматы жастары 3.0» бағдарламасы бойынша пәтер алды.
- Қазақстандық биші Әмір Зәкіров Польшада өткен әлем чемпионатында жеңіске жетті.
- Жас алматылықтар джиу-джитсудан әлем чемпионы атанды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006



ТУРИЗМ

«БАҚЫТ ЖОЛЫ» ЖАҢАРДЫ

Динара
МУРАТ

(Басы 1-бетте)

Бұған дейін орындалған бірінші кезеңде жоба командасы ұзындығы 12 шақырымды құрайтын соқпақ жолдың жағдайын жақсартты. Тауға шығу барысында қауіпсіз жағдай жасау үшін маршрут көрсеткіштері, көпірлер орнатылды, баспалдақ қайта жасалды, демалуға арналған беседка мен көру нүктелері жабдықталды. Көкжайлауда, «Три брата» жартастары мен Құмбел шыңында жұмыстар аяқталды.

Сондай-ақ, жоба аясында компания Алматы қаласының туризм басқармасымен бірлесе отырып, тауларда лашықтарды орнату туралы шешім қабылдады. Туристерге арналған үйлер тегін болады, олар құтқарушыларды шақыруға арналған дабыл түймелерімен және ішіндегі барлық қажеттіліктермен жабдықталған: отын, азық-түлік, алғашқы көмек жинағы. Әрқайсысының құны 4 миллион теңге болатын үш лашық орнатылды және 6 қарашадан бастап пайдалануға қолжетімді.

Лашықтар соқпақ жолдар, өзендер, сондай-ақ асулар қиылысатын биік тауларда орналасқан. Егер турист ауа райының күрт өзгеруіне немесе төтенше жағдайға

тап болса, үйлер уақытша баспанаға айналады. Олардың өмірін сақтап қалуға көмектеседі. Альпі лашықтары аталып кеткен бұл тәжірибе Италия, Франция, Швейцария, Австрияда бұрыннан бар.

Жобаның тұсаукесеріне BI Development Алматы жобаларының директоры Әсет Ибраев, Алматы Туризм басқармасының және «Іле Алатауы» МҰТП өкілдері, сондай-ақ спорттық қоғамдастықтың өкілі – альпинизмнен спорт шебері, «Қар барысы» Андрей Пучинин қатысты.

Алматы қаласы Туризм басқармасының бас маманы Айбол Мұратхан тау жолдарын қалыптастыру – туристерді тартудың бірден-бір жолы екенін атап өтті.

«Тау жолдарын жөндеп қана қоймай, бар экзотиканы бұзып алмау да маңызды. Холдинг қолға алған соқпақ жолдар тек тұрғылықты адамдар арасында ғана емес, бізге Алатау үшін келетін шетелдік қонақтардың арасында да танымалдылыққа ие. Қолданылған материалдардың барлығы экологиялық жағынан таза», – деді маман.

Спорт шебері Андрей Пучинин соңғы жылдары алматылықтар арасында тауға көтерілуге деген қызығушылық артқанын, ал туристер Қазақстанға көбінесе тау үшін ғана келетінін атап өтіп, істеліп жатқан жұмыстардың маңыздылығын алға тартты.

«Аталған маршруттар – бұл дамытуды қажет ететін қаланың өзіндік инфрақұрылымы. Сондықтан тау жолдарының жайлы етілуі – шұғыл қажеттілік, уақыт талабы. Біздің таулар спортты дамытудың халықаралық орталығы болуға әбден лайық», – деді спортшы.

«АЛМАТЫ ЖАСТАРЫ 3.0»

ПОЛИЦЕЙЛЕР БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Серік
ЖҰМАБАЕВ

Оңтүстік астананың 50-ге жуық полиция «Алматы жастары 3.0» бағдарламасы бойынша пәтер иесі атанды.

Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен «Алматы жастары 3.0» тұрғын үй бағдарламасына қатысатын адамдар санатының тізіміне 35 жасқа дейінгі полиция қызметкерлері кіреді.

– Қазіргі уақытта ПД қызметтері мен бөлімдерінің қызметкерлері «Алматы жастары 3.0» тұрғын үй бағдарламасына қатысуға

707 өтінім берді. 349 өтініш беруші төлем қабілеттілігін растау үшін банкке жолдама алды. Барлығы бұл кезеңде 46 полиция қызметкері осы бағдарлама бойынша пәтер алды, банкте тағы 86 тәртіп сақшысының құжаттары қаралуда. Ақпарат үшін осы тұрғын үй бағдарламасы бойынша мемлекеттік қызметшілерге 1 мың тұрғын үй несиесі бөлінді, оның 170-і – полиция қызметкерлеріне, – деді Алматы қалалық Полиция департаменті бас-тығының орынбасары Әбдуәлі Нашарбеков.

Сонымен қатар, ол полицияда 2021 жылдың 1 сәуірінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне, өнеркәсіптік қауіпсіздік, өнеркәсіптік аймақ-

тар, жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, энергетика, табиғи монополиялар және ішкі істер органдары қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдері бойынша осы сұрақтарға қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойылғанын айтты. Заң полиция қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз етудің жаңа жүйесіне көшуді және ай сайынғы тұрғын үй төлемдерін жүзеге асыруды көздейді. Қызметкерлердің тұрғын үй төлемдерін пайдалану арқылы тұрғын үйге меншік құқығын алу бір рет жүзеге асырылады. Тұрғын үй жәрдемақылары қатаң түрде тағайындалған және оларды басқа мақсаттарға пайдалануға болмайды.

СПОРТ



Әлемдік додада топ жарды

Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Жас алматылықтар джиу-джитсудан әлем чемпионы атанды.

Жеңімпаз атанған жас спортшылардың бәрі – «Сағадат батыр» клубының мүшелері. Абу-Даби қаласында өтіп жатқан байрақты додада отандасымыз 44 келі салмақта өнер көрсетіп, тұғыр биігінен көрінді. 14 жастағы спортшы әуелі Біріккен Араб Әмірлігінен, сондай-ақ Ресей мен Таиландтан келген қарсыластарымен кездесіп, бәрінде де мерзімінен бұрын жеңіске жетті. «Әлем чемпионатында еліміздің Көк Туы көкке көтеріліп, Әнұраны-

мыз шырқалғанына қатты қуаныштымын. Болашақта қазақ қызының мықтылығын әлемге танытқым келеді. Бұйырса, соған еңбектенемін», – деді джиу-джитсудан жасөспірімдер арасында 3 дүркін әлем чемпионы Жібек Құлымбетова.

Одан бөлек, алматылық Нұрай Алтынбек те өз салмағында топ жарса, Райымбек Ержан үздік үштіктен көрінді.

«2 батыр қызымыз Көк Туымызды көкке көтеріп, Әнұранымызды шырқатты. Сондай-ақ, 3 медаль, яғни 2 алтын, 1 қола медальға қол жеткіздік. Бәріңізді шын жүректен құттықтаймын. Құтты болсын, қазақ елі!», – деді жаттықтырушы Нұрсұлтан Орынбасаров.

ҚҰҚЫҚ


Ақтолықын
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

Бақылау күшейтілмек

2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап педофилдерге электронды білезік тағылады.

Бұл туралы Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев мәлімдеді. Ол пробациялық бақылауды дамыту үшін электронды білезіктер енгізіліп жатқанын атап өтті. «Биыл біз бұл жұмысты ілкі жоба ретінде бастаймыз. Бірінші кезекте білезіктер педофилдерге тағылады», – деді Тұрғымбаев мәжілісте өткен үкімет сағатында. Министр Қазақстанда зорлық-зомбылық үшін қылмыстық жауапкершілік қатандатылғанын еске салды. Енді осы қылмыс үшін сотталғандарға мерзімінен шартты түрде босату және рақымшылық шаралары қолданылмайды.

Быттыр жазда Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев министрлік сотталғандарға электронды білезік сатып алмайтынын мәлімдеген еді. Ол электронды білезіктер өте қымбат екенін, ал сотталғандарды қосымша арқылы бақылауға болатынын айтқан болатын.



САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



«Шетсіз қала» бағдарламасы аясында Алматының әр ауданында

11 «Шыңға өрлеу»

әлеуметтік клубы жұмыс істейді.



Жыл басынан бері «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында шаһарда

347

жоба жүзеге асырылды.



Қала кітапханаларында

106 дамыту үйірмесі жұмыс істейді.



Мегаполистегі 71 жекеменшік мектепте

288 887 оқушы білім алуға.



2022 жылдың алғашқы тоқсанында қаладағы жол қауіпсіздігін күшейте түсу үшін

12 бағдаршам орнатылады.



Алматыда көппәтерлі

2182 үй жаңа басқару формасына көшті.



COVID-19

Күні кеше шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев өзінің Twitter парақшасында вакцина салдырған миллионыншы алматылықтың есімін жариялаған болатын.



Нұржамал ӘЛІШЕВА

«Медициналық ақпараттық жүйенің мәліметінше, Самал Оқапова – Алматыда коронавирусқа қарсы екпе алған миллионыншы тұрғын. Денсаулығындағы кінәратқа қарамастан ол өзін әрі жақындарын қорғау үшін вакцина алды. Бұл әрекеті көпшілікке үлгі болары анық», – деп жазды мегаполис басшысы.

Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, балалар церебралды сал ауруына шалдыққан 29 жастағы Самал Оқапова №22 емханада ковидке қарсы екпе алған. «Вакцинаны өз

еркіммен алдым. Таңертең ерте емханаға келіп, екпе алғаннан кейін жарты сағат бойы дәрігерлердің қарауында болдым. Аллергия не болмаса кері әсер бола ма деп ойлап өдім, нәтижесінде ештеңе байқалмады. Өзімді жақсы сезініп жүрмін. Ойламаған жерден қаланың вакцина алған миллионыншы тұрғыны атандым. Қуаныштымын. Әр адам азаматтық парызы ретінде екпе алғаны дұрыс», – дейді Самал Оқапова.

Тақырыпқа орай айта кетсек, вакциналау қарқыны бойынша өңірлер арасында Алматы көш бастап тұр. Мәселен, 7 қараша күнгі ақпарат бойынша қалада бір күнде 946 адам коронавируска қарсы вакцина салдырды. Екпенің 1-ші компонентін – 328, 2-ші компонентін 618 адам алған.

Жалпы, биылғы 1 ақпан мен 7 қараша аралығында шаһарда 1 002 547 тұрғын вакцинаның алғашқы компонентін, 951 627 адам екінші дозасын салдырған. Оның ішінде 121 018 адамның жасы 60-тан асқан. Қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау



басқармасының мәліметінше, шаһарда 137 егу пункт жұмыс істеп тұр. 733 адамнан тұратын 205 егу бригадасы бар.

Иә, ковидке қарсы екпе алу – індетті ауыздықтаудың әзірге жалғыз жолы болып тұр. Алматы – «сары аймақта». Эпидахуал

тұрақты болғанымен, коронавирус жұқтырып жатқандар азаяр емес. Мәселен, 7 қараша күнгі ақпарат бойынша, бір тәулікте қалада 135 адам коронавирус жұқтырған. Мұның ішінде симптомды, жеңіл және орташа деңгейдегі белгілермен – 129, симптомсыз 6 науқас тіркелді. Барлық емделіп шыққандар – 12, келіп түскені – 65. «Инфекциялық стационарларда 885 адам (төсек-орынның жалпы саны –2334) ем қабылдап жатыр, оның ішінде 28-і бала. Реанимация және қарқынды терапия бөлімінде 97 адам жатыр. Ал 19 науқас жасанды тыныс алу аппаратына қосылған», – деді қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасының өкілдері.

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек мобильді бригадаларының және Телемедицина орталығының амбулаториялық бақылауында 1701 пациент бар. Оның ішінде індет белгілері бар, орташа ауыр жағдайда – 1627 науқас. 74 адамда коронавирус белгілері жоқ.

БРИФИНГ

РЕВАКЦИНАЛАУ БАСТАЛАДЫ



Айнұр СЕНБАЕВА

(Соңы. Басы 1-бетте)

COVID-19 оңай өзгеріп, мутацияланатындықтан өте қауіпті екенін ескере отырып, дәрігерлер қайта екпе салу қажет деп есептейді. Бақылау нәтижесі көрсеткендей, вакцина алғаннан кейін алты ай өткен соң ағзадағы антиденелердің деңгейі төмендейді екен, яғни қайта аурудың ықтималдығы артады.

дарды ревакциналау ұсынылады. Ревакцинаға қарсы көрсеткіштер алғашқы вакциналау кезіндегі жағымсыз реакциялар секілді болады.

Тағы бір айта кетерлігі, коронавирустық инфекцияға қарсы вакциналаудың бірінші курсынан өткен адам тұмауға қарсы егіліп, ревакциналаудан өтуіне болады. Өйткені, екеуі екі бөлек вакцина.

Брифинг барысында Эльвира Ибрагимова тұмаудың да өрши бастағанын атап өтті. Эпидемиологтардың мәліметінше, қыркүйектен бастап қалада 74 мыңнан астам адам ЖРВИ дертіне шалдыққан.



«Халықты қайта вакциналаудың өзіндік алгоритмі бар. Вакцина алу ерікті түрде жүреді. Екпені қаладағы 137 егу пунктін кез келгенінен алуға болады. Коронавируска қарсы екпенің үшіншісін вакциналаудың бірінші курсы толық аяқталғаннан кейін, яғни 6–9 айдан кейін жасату керек. Антиденелер деңгейін алдын ала анықтау қажет емес. Ревакциналау кезінде Спутник V, QazVac, Vero Cell вакциналарының қолданыстағы түрлері салынады. Қазіргі уақытта қалада вакцина саны жеткілікті», – деді Эльвира Ибрагимова.

Дәрігер ревакциналау кезінде кез келген вакцинаны алуға болатынын айтты. Дегенмен, дәрігерлер ревакцинаны екпенің басқа түрімен жасаған дұрыс екенін айтады. Мысалы, егер бастапқы вакцина белсенді емес вакцина болса, онда ревакцинаны векторлық және керісінше жасаған дұрыс.

Бірінші кезекте ревакциналаудан медицина қызметкерлері, педагогтар, құқық қорғау органдарының өкілдері және т.б. өте бастайды. Сондай-ақ, Э.Ибрагимованың айтуынша, дәрігерлер иммунитеті әлсіз, созылмалы аурулары бар және қарт адам-

Соған орай қазіргі кезде вирустық аурулардың алдын алу шаралары жүргізілуде.

Дәрігердің айтуынша, қалада тұмауға қарсы вакциналау да жалғасып жатыр. Тұмауға қарсы екпе – маусымдық тұмаудың алдын алудың ең тиімді құралы, әрі тұмаудың ауыр зардаптарының қаупін төмендетеді.

«Халықты тұмауға қарсы егу әдетте қазан-қараша айларында, вирустың маусымдық өрісуі кезінде жүзеге асырылады. Алайда, вакцинаны жылына бір рет кез келген уақытта алуға болады. Қала емханаларында тұрғындар тұмауға қарсы «Гриппол +» ресейлік вакцинасымен егіле алады», – дейді Э.Ибрагимова.

Спикер Қазақстанмен шекаралас елдерде COVID-19 жағдайының нашарлауы салдарынан коронавирус ЖРВИ ретінде таралуы мүмкін екеніне назар аударды. Сондықтан ЖРВИ-дің алғашқы симптомдары байқалса, емдеуді бастау өте маңызды.

Тұмаудың алдын алу шараларын сақтау: бетперде тағу, қолды үнемі жуу, байланысты шектеу қажет. Сонда ғана инфекция басқаларға жұқпайтын болады.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

АМЕРИКА жеріндегі «Файзер» компаниясының өкілдері ковидке қарсы жаңа дәрінің тиімділігі жоғары екенін жариялады. Клиникалық сынақтың екінші кезеңінің қорытындысы бойынша «Паксловид» атты дәрі дерттің ауыр өтуін немесе өлім қаупін 89%-ға төмендететін көрінеді. Ол капсула түрінде шығарылмақ. Өндірушілер препаратты болашақта үйде қолдануға болатынын айтады. Компания өкілдері АҚШ-тың құзырлы органдарынан оны шұғыл жағдайда қабылдауға да рұқсат алуды көздеп отыр. Жалпы, «Паксловидті» сатып алуға Австралия, Ұлыбритания мен Оңтүстік Корея сынды ондаған мемлекет қазірден құлшынып отырған көрінеді.

Қайтара егу – уақыт талабы

ҰЛЫБРИТАНИЯ елінде ковидке қарсы препарат қолдануға рұқсат берілді. Олардағы дәрі «Молнупиравир» деп аталады. Сарапшылардың мәлімдеуінше, аталған препарат науқастарға қауіп төндірмейді. Дәрігерлер оны ауру асқынбай тұрып ішуге кеңес беріп отыр. Өйткені, ол ағзаға енген вирустың таралуын тежейтін көрінеді. Айтпақшы, «Молнупиравир» әуел баста тұмауды емдеу үшін жасалған екен. Енді коронавируспен де тиімді күресетіні анықталған. Препарат науқастың ауруханаға түсу ықтималдығын 50%-ға азайтатын көрінеді.

КОСТА-РИКА әлемде алғашқы болып 12 жасқа дейінгі балалар үшін міндетті вакциналауды енгізді. Енді 5–11 жас

аралығындағы тұрғындары келер жылдың наурызынан бастап ковидке қарсы екпе салдыратын болады.

Орталық Америкадағы халқының саны 5 миллионға жуықтайтын бұл мемлекетте осы күнге дейін жасы 12-ден асқан тұрғындардың жартысынан астамы вакцинаның екі дозасын да салдырған.

ГЕРМАНИЯ елінің 2 млн. тұрғыны қайта вакциналанды. Қазір жасы 70-тен асқан, қарттар үйінде тұратын үлкен кісілер мен олардың күтушілері және олармен жақын араласып-құраласатын әлеуметтік қызметкерлер, дәрігерлерге үшінші екпе алу нұсқауы берілді. Иә, жергілікті билік індеттің өршуіне байланысты халықты жаппай ревакциналауға шақырып жатыр. Себебі,

ол – уақыт талабы. Дегенмен, бұл шешімді вакциналау бойынша комиссияның сарапшылары қабылдауы тиіс. Жалпы, бүгінгі дейін Германия халқының 67%-ы толығымен вакциналанған.

БЕЛЬГИЯ да індет жұқтыру көрсеткіші жоғары еуропалық елдер сапына қосылды. Соңғы аптаның өзінде елде «дельтаны» жұқтырғандар 40%-ға өскен. Науқастардың көбі – вакцина салдырмағандар немесе толықтай алмағандар. Бірақ тұрғындарды вакциналау көрсеткіші 75%-ға жеткендіктен, өлім-жітім деңгейі төмен.

Әзірлеген
Нұр ЖАМАЛ.

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

Мұрын бітелсе...

Күн салқындағанда жиі кездесетін жағдай – ағзаның суықтап, мұрынның бітелуі. Мұндайда иіс сезбей, ұйқы нашарлайды. Оттегі аз жететіндіктен ми жұмысы да бұзылады, адам жаңғалақ болып, зерде-зейіні, есте сақтау қабілеті кемиді. Содан науқастың басы ауырады, басы айналады, қан қысымы көтеріледі. Синусит, гайморит сияқты күрделі аурулар осыдан кейін өршиді. Мұндайда қолда бар дүниелерді пайдаға жаратып, иммунитетті көтеретін дәрумендерді қолданғаныңыз абзал.

Мұрын бітеліп мазаны алғанда бал, лимон қосылған шай, жылы сусындар ішіп, мұрынға құрғақ жылу басу керек. Бұған пісірілген жұмыртқа немесе картоп қолдануға болады. Шүберекке оралған жылы құм қолданатындар да бар. Бірақ бұл әдістерді тек бастапқы кезде қолданған абзал. Ал мұрыннан аққан су қоюланып, түсі сарғыш, жасыл тартқанда, дене қызуы көтерілгенде бұлай істеуге болмайды.

Табанына қыша төселген жүн шұлық киген жақсы. Қыша қосылған жылы суға аяқты булау керек. Мұндай емнен соң



міндетті түрде жылы төсекте жату керегін де ұмытпаңыз.

Мұрынды арнайы физикалық ерітінділермен шаю керек. Бұған теңіз тұзы, шайшөп (зверобой), түймедақ (ромашка) тұнбаларына тең дәрежеде қайнаған су мен лимон шырынын қосып қолдануға болады. Қабынды тоқтату үшін мұрынға суға жартылай қосылған каланхоэ, алоэ, қызылша шырынын тамызса жақсы.

Дайындаған
Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ.



ТӘУЕЛСІЗДІК – 30

ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛ ТҰҒЫРЫ

Тәуелсіздік алғанымызға 30 жыл болды. Бұл бізге оңай келген жоқ. Егемендік үшін ата-бабаларымыз қаншама қайғы-қасірет шекті. Тәуелсіздіктің астарында «ұрпағым» деп қасықтай қаны, шырқыраған жаны қалғанша ұлтарактай жері үшін, атамекен елі үшін жанын пидаеткен ата-бабаларымыздың рухы жатыр.



Серік ЖҰМАБАЕВ

Тәуелсіздік – бұл егеменді еліміздің ең биік тұғыры. Тәуелсіздік жолында қаншама ғасырды бастан кешірдік. Туған жерімізде еркіндік орнату үшін ата-бабаларымыз жанын салып, болашаққа үлкен үмітпен қарады. Азаматтық туы көкте желбіреп, бостандық қыраны көгімізде еркін самғап қалықтауы үшін өткелі қиын, бұралаң жолдардан өтті. Батырлық пен ерліктің және рухымыздың жоғарылығының арқасында аңсаған тәуелсіздікке де қол жеткіздік.

Міне, бүгін тәуелсіздігіміздің арайлап атқанына 30 жыл! Осы жылдар ішінде саяси жүйесі тұрақты, экономикасы дамыған, бәсекеге қабілетті, халықаралық беделі зор қуатты мемлекетке айналдық. Еліміздің сайын даласы Сарыарқаның төріндегі көрікті де қабілетті, сәулетті Бейбітшілік шаһары Нұр-Сұлтан арқылы жаһандық әлемге жаңа Қазақстанды аштық. Мұндағы мақсат – Нұр-Сұлтан арқылы егеменді еліміздің қарышты даму қарқынын бүкіл әлемге паш ету.

Біз тәуелсіздікке қол жеткізу арқылы мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді, дінімізді, тілімізді қайта өркендеттік. Тәуелсіздігіміздің рәмізі саналатын Әнұранымызды, Туымызды, Елтаңбамызды және төл теңгемізді сайладық. Бірлігіміз бен бейбітшілігіміздің негізі Конституциялық заңды бекітіп, айбарлы айбарымызды құрдық. Көптеген елдермен экономикалық

қарым-қатынас орнату арқылы бүкіл әлемге қайтпас-қайсар қазақ деген халықтың бар екендігін жария еттік.

Бір қуанарлығы, Қазақстан шекарасын бекіткен, дербес, зайырлы ел қатарына жетті. Алайда, осындай жеңіске қол жеткізген соң оны сақтап қалу одан да қиын міндет екенін түсіну керек. Тәуелсіздікті сақтап қалу үшін ел ішінде алауыздық болмауы тиіс. Ал ол мақсат жолында халыққа біртұтас идея, жұмылдырушы күш, мақсат-мұрат қажет. Анығырақ айтқанда, ұлттық идеяның мықты болуы алдыңғы кезекте деген сөз. Идея сыртқы дүниені бейнелейтін қоғамдық санының пішіні болса, енді бірде адамның басты сенімі орнына қолданылады.

ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік ел» деген пікірді үнемі айтып отырады. Әлем елдерімен терезесі тең мемлекет атану, елінің тұрмысы бай, саналы, сауатты ұрпақтары ертеңіне сеніммен қарайтын ел болу еді. Ел ішіндегі тұрақтылық пен тұтастықтың бірқалыпты дамуының негізгі тұтқасы – ұлттық бірлік пен қоғамдық келісім. Ал бұл құндылықтар Елбасының «Мәңгілік ел» атты жалпыхалықтық идеясында көрініс тапқан. Мәңгілік елге айналу үшін тәуелсіздікті сақтап, елдігімізді нығайту – басты мақсат. Өйткені, тәуелсіздік ұғымы халқымыздың мұраты, ғасырлар бойғы арманына айналған, сонау Алаш тұлғаларының зердесі мен өнегесімен келген аманат дүние болатын.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та тарихтың жаңа белесінде тұрған еліміздегі ұлттың бірлігін нығайтуға ерекше назар аударып келеді.

«Қоғамымыздың көптүрлілігі – біздің әлсіздігіміз емес, күшіміз. Барлық азамат құқықтың бірдей көлемін пайдаланып, жауапкершіліктің бірдей жүгін арқалап және түрлі мүмкіндіктерге бірдей қол жеткізуі тиіс. Біздің қоғамымыз неғұрлым қуатты және біртұтас бола отырып, тарихи тұрғыда көптеген тілдерден және мәдениеттерден қалыптасты. Бүгінде бізді «Мәңгілік ел» құндылықтары: азаматтық теңдік, еңбексүйгіштік, адалдық, оқымыстылық, толеранттық, шын берілгендік пен патриотизм біріктіреді», – деді. Шындығында, бірлігі мықты, іргесі бүтін елдің қашанда ырзығы мол. Еліміз осындай баға жетпес байлығы – таулығымен мақтана алады.

Отанды сүю – әрбір ұрпағымыздың, азаматтарымыздың міндеті. Өткенді ұмытуға болмайды. Б.Момышұлының «Отан үшін отқа түс, күймейсің» дегеніндей, атабабамыз көзінің қарашығындай сақтап келген жерін солай қастерлеп, еліміздің Көк Туын биікте ұстап, тәуелсіздігімізді сақтау – біздің басты міндеттеріміздің бірі. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев: «Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтап, мемлекетімізді нығайта беру үшін бізге ең әуелі бірлік қажет», – деген болатын. Шынымен де, бірлік жоқ жерде – тірлік жоқ. Сондықтан да қуаныш пен қиыншылықта халқымыз әрдайым бірге болуы қажет деген

Ерлан МАХАМБЕТОВ,
қала тұрғыны:

БІЗГЕ БІРЛІК, ЫНТЫМАҚ ҚАЖЕТ

Тәуелсіздікті тұғырлы ету үшін не істеу керек? Ең бірінші, бізге тыныштық, бірлік, ынтымақ қажет. Онсыз даму болмайды. Тәуелсіздік ауыз толтырып айтатын табыстарға қол жеткізді. Ендігі жетіспейтін нәрселеріміз мыналар: біріншіден, кез келген өркениетті елдің экономикалық-әлеуметтік жағдайының мықты болуы ортаңғы таптың қалыптасуына байланысты, ғылымда «ортаңғы страта» делінетін сол санат бізде қалыптаса қойған жоқ. Бұл тап елімізді әлі де болса саяси, экономикалық жағынан еркіндікке жеткізер еді. Екіншіден, алда ауылды өз қолы өз аузына жететін деңгейде ұйымдастыру міндеті тұр. Үшіншіден, шет елден келіп жатқан қазақ диаспорасы өкілдеріне көзқарасты арттырып, оларды келтіру тетіктерін жетілдіре түсу керек. Төртіншіден, біздің демографиялық ахуалымызға үлес қосатын келіншектерімізге деген әлеуметтік қолдауды көбейте беру қажет. Бесіншіден, қоғам мемлекеттік тілді толық меңгерген деңгейге жеткеннен кейін барып қалған тілге ден қойған дұрыс. Алдағы кезеңде біз егемендікпен келген бар нәрсеге ие болуымыз керек.

Ерлан ЫСҚАҚОВ,
қазақ тілі пәні мұғалімі:

ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯҒА ДЕН ҚОЙҒАН ЖӨН

Тәуелсіздігіміздің ендігі тірегі – жастардың қолында. Бізде егемендікті нығайтатын бірнеше фактор бар: қаржы, әскери қауіпсіздік, тағы басқасы. Соның ішінде мәдени факторға айрықша көңіл аударуымыз керек. Бұл, әсіресе, жастардың тәрбиесіне байланысты. Меніңше, ендігі кезеңде ұлттың тарихына, мәдениетіне бұрынғыдай ер-азаматтар емес, қазақтың қыздары жауапты болуы тиіс. Өйткені, баланы табатын, тәрбиелейтін, үйде үлгі көрсететін – солар. Ал біз қазір ескі инерция бойынша ер-азаматтардың жайын көп айтамыз. Егемендікті алып берген еркектер десек, егемендікті сақтап қалуға атсалысатын әйелдер ме деп ойлаймын. Мүмкін, тарихтың басқа бір кезеңінде ерлер қайтадан өз миссиясын орындай жатар.

Бізге білім, адамгершілік мәселесіне көңіл бөлінуі керек. Адамның ең басты мақсаты – өмір сүру, өмір сүру үшін тағам керек, киім керек, үй жағдайы керек, саясат пен білім де керек. Бірақ осының бәрі болуы үшін, қоғам оң дамуы үшін жастар жігер-күшін Отанына арнауы тиіс. Бұрынғы Кеңес үкіметін қанша кінәласақ та, ол кезде патриоттық сезім мықты болатын. Бір жерде бірлікте өмір сүру идеясы күшті еді. Осы ұлттық идеологияны жалғастыра алмай келе жатырмыз. Соған ден қойылса деймін.

тәмсіл күн тәртібінде тұруы тиіс. Арыс Қазақ хандығынан бастап, берісі егемен елдің іргесіне дейінгі көшті жалғастырып келе жатқан, атадан тараған ұрпақтың парызы – осы аманатты сақтау. Жәнібек пен Керейдің кереген керегесін құлатпау, туған елімізді, жерімізді қастерлеп өту әрбір ұрпақтың міндеті. Қазақта «Отансыз адам – ормансыз құс» деген сөз бар. Орманы жоқ құстың ұясы да, қонар бұтағы да жоқ. Дәл сол секілді, ортасы жоқ ұлттың өмір сүруі, тірлік кешуі мүмкін емес. Себебі, тәуелсіздік – ащы термен келген тәтті жеңіс. Төгілген қанның, өлмеген жігердің, тапталмаған намыстың күшімен келген ұлы мәртебе.

Бүгінгі таңда ұлттық құндылықтарды насихаттауға күш салудың қажеттілігі артып отыр, өйткені жаһандану процестері елімізге тереңдеп енген сайын, демократияның бетперде еткен, «көріңбейтін» қауіптер төне бастады. «Көріңбейтін» қауіптер деп – сыртқы белгілері бойынша заңды құбы-

лысқа жататын, ал түп негізінде ақпараттық құралдар арқылы елді арандатуды мақсат ететін құбылыстарды айтамыз. Соның бірі – батыстық мәдени экспансия. «Батыстық» сөзі бұл жерде шартты ұғым, ол ұлттық құндылықтарымызға жат, қайшы келетін мәдени формаларды өрнектеу үшін қолданылып тұр. Мұның қауіпті тұсы мынада: дәстүрлі сыртқы ынтымақтас елдер арасындағы еліміздің имиджіне нұқсан келтіру, елдегі ұлттық дәстүрлерді ұстанатын халықтың әдейі ызасын келтіру және осы арқылы арандату сияқты мақсаттар үшін істелініп жатқан әрекеттер жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге кері әсерін тигізеді.

Тәуелсіздігіміздің көк байрағын желбіретіп, еліміздің еңсесін биікте ұстап, тілімізді тұғырынан тайдырмай, байлығымызды талан-таражға түсірмей, болашақ ұрпақтың алдында ата-бабалық парызымызды адал жалғастыру – бәріміздің басты борышымыз.

ҚАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ



Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ

Қаладағы Оқушылар сарайы 40 жылдан кейін қайта жаңғыртудан өтіп жатыр. Ғимараттың іші-сырты түгелдей бұрынғы қалпына келтіріледі.

Бұған дейін жүргізілген жөндеу жұмыстары кезінде алынып тасталған мәрмәр тас қайта төселіп, жез бен мыстан құйылып, арнайы тапсырыспен жасалған шамдар да жарарады. Бүгінде онда құрылыс жұмыстары қызу жүргізілуде. Мақсат – республикалық маңызы бар ғимараттар тізіміне енген тарихи құны жоғары сәулет өнерін қалпына келтіріп, сақтап қалу.

Айта кетерлігі, ғимарат 1983 жылы салынған. Оның құрылысына сол кездегі ең бағалы және сапалы құрылыс материалдары пайдаланылған. Сарайдың әр дүниесі тапсырыспен дайындалған. Мәселен, салтанат залындағы салмағы 5 тоннаға жуық алып жарықшам «Гидромаш» әскери кәсіпорнында, ал сәндік құмыралар Қапшағай фарфор зауытында жасалған. Реставраторлар жарық-



алғашқы бет-бейнесін жоғалтпайды

шамды арнайы ерітіндінің көмегімен қалпына келтіреді.

– Біз мұрағат материалдарын көтердік. Сәулетшілер жобалаған бастапқы келбетін қалпына келтіретін боламыз. Бұрынғы композицияны түгелдей қайта жаңғыртамыз.

Ғимараттың еденіне мәрмәр төселген. Кейін жөндеу жұмыстарын жүргізгенде кейбір жерін алып тастаған. Соны бұрынғы жоба бойынша қайта жасап жатырмыз. Яғни мәрмәрді қайта төседік. Ал гранит еден мен қабырғалардың сынған жерлерін бүтіндеп,

тазаладық. Бұл ғимарат сәулет ескерткіштерінің қатарына енетіндіктен, бұрынғы кескін-келбеті сақталуға тиіс, – деді дизайнер Жуас Қаңтарбаев.

Сарайдағы кабинеттер де жөндеуден өтеді. Онда өнер мен спорт үйірмелерінен бөлек, жаңа технологияны меңгеруге бағытталған сыныптар ашылады. Дрон ұшыруды үйрету, бағдарламашы, виртуалды әлем индустриясының әрқайсысының жеке зертханасы болады. Үйірме бір аптада 400-ден аса баланы қабылдамақ.

– Қазір дрондарымыз видеоны да түсіреді. Фотоны да түсіреді. Шекараны бағамдайды. Жеткізіп беру қызметін іске асырады. Осының бәрін оқушыларға үйрету керек, – деді үйірме жетекшісі Олжас Өскенбаев.

Оқушылар сарайында бұрыннан планетарий болған екен, бірақ іске қосылмаған. Жаңғыртудан кейін ол балалардың игілігіне берілмек. Бұрындары сарайға шамамен 5 мың бала келетін болса, жаңғырту жұмыстарынан кейін ол екі есеге өседі деп жоспарлануда.

Аумағы 35 мың шаршы метрден асатын Оқушылар сарайында 12 зал бар. Ғимаратты қайта жаңғырту жұмыстары келесі жылдың наурыз айында аяқталуы тиіс.



«НҰРЛЫ ЖОЛ»



Жол – экономиканың күретамыры



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Еліміздегі облыстық және аудандық маңызы бар автожолдардың жалпы ұзындығы – 71,6 мың шақырым. Өткен жылы сол жолдардың 71 пайызы жақсы және қанағаттанарлық жағдайда деген қорытынды шығарылды.

Жалпы, кез келген ел экономикасының күретамыры – жол екені дәлелдеуді қажет етпейтін анықтама. Жол құрылысы, жолдардың күрделі жөндеуден өтуі, әсіресе, Қазақстан секілді мұхитқа шыға алмайтын елдер үшін өте маңызды. Сондықтан еліміз үшін жол мәселесі – назардан тыс қалмайтын тақырыптардың бірі. Осы тұрғыда жол сапасының бүгінгі көрінісін білу үшін жол жабындары, материалдар мен конструкциялар механикасы саласындағы белгілі ғалым, техника ғылымының докторы Бағдат Бұрханбайұлымен сұхбаттасқан болатынбыз.

– Бағдат аға, бірінші сұрағымызды отандық жол саласының деңгейінен бастағымыз келіп тұр. Жалпы, жоспар жақсы, жол қандай?

– Дәл бүгінгі уақытта ұялмай отандық жол ғылымы жоғары деңгейде деп айтуға болады. Ал енді, өкінішке қарай, мұны көпшілік біле бермейді. Қашан көрсеңіз де «жол жоқ, жол жаман» деген сынды жолға қатысты қатып қалған бір теріс ұғым бар. Ал бұл «Қазақстанда жақсы жол жоқ» дегенді білдірмейді. Мысалы, 2009 жылы біз ТМД елдеріндегі ең үлкен күре жол автомагистраль «Нұр-Сұлтан – Бұрабайды» салып бітіп, қолданысқа бердік. Қазір қарап отырсақ, сол уақыттан бері 12 жыл уақыт өтіпті. 6 жолақты жол күні-түні сапалы қызмет етіп жатыр деуге болады. Бізде осындай керемет жол бар деп біреу мақтана айтып жатыр ма? Жол саласы бойынша тұңғыш комитеттің төрағасы болған Тимур Чердабаев ағамыздың бір әдемі кітабы бар. Ол әлемдік деңгейде жол тарихын жазып шыққан адам. Сол кісі кітабының алғысөзінде былай дейді: «Бізді, жолшыларды жамандайды да жатады. Егер, бізді халық сынамай қалса – соның өзі жолдың жақсы екенін білдіреді» дейді. Яғни жолшыларға мақтау айтыла қоймайды. Мысалы, «Батыс Қытай–Батыс Еуропа» жолын алып қарайтын болсақ, әрине оның да арагидік жерлерінде кемшіліктер бар. Ол басқа әңгіме. Жалпы, бұл жол халықтың көңілінен шығады. Бұрын тәуліктен жүретін жолға қазір Алматыдан Ташкентке, Сарығашқа дейін ертеңгісін шығып, кешке жетіп барады. Осыны кім мақтап, жолшыларға кім рахмет айтып жатыр? «Жол жаман» деген қатып қалған қасаң пікір болмауы керек. Содан кейін барып, жолдың ғылымы да, білімі де жаман деген сөзге тіреліп жатады. Негізі олай емес. Сондықтан да сіздің сұрағыңызға осы қызметте қаншама жыл жүріп, әлемнің көптеген елдерін аралай келіп, бүгінгі салынып жатқан қазақтың сапалы жолы ешқайсысынан кем емес деп жауап берер едім. Ал жол ғылымы да әлемдік деңгейде өзіндік орны бар деп айтуға болады. 15-16 жыл ішінде Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институтын қайта құрдық. Бүгінде бұл бүкіл әлемге танылған жол ғылыми-зерттеу ұйымына айналды. Сондықтан Қа-



зақстанның жол ғылымы – әлемдік деңгейдегі ғылым ордасы деп айтуға болады.

– Жол құрылысына пайдаланатын материалдардың сапасы қалай тексеріледі және қандай материалдар қолданылады?

– Жолға қаншама материал керек. Алдымен, топырақтың көптеген түрі, қиыршық тасты құм, бекітілген, бекітілмеген, өңделген, өңделмеген қиыршық тастың әртүрлі фракциялары, одан кейін асфальтбетонның көптеген түрі, осының бәрін біріктіретін битум материалды керек. Ал битум материалға төменгі, жоғары температура, климаттық жағдайға бейімдеу үшін полимерлік заттар, тас материалдар мен асфальтбетон құрамындағы битумдардың бір-біріне жабысуын қажарту үшін адгезиялық қоспалар қажет етіледі. Бір асфальтбетонның өзіне 10-ға жуық түрлі материал кетеді. Егер, стандарттармен техникалық қағидаларды дұрыстап орындамасақ, сапа болмайды. Сол себептен, 2019 жылы мемлекеттің шешімімен арнайы Жол активтерінің сапасын зерттейтін Ұлттық орталық құрылды. Қазіргі таңда ұйымның 14 облыс пен республикалық маңызы бар 3 қаламызда жалпы 17 филиалы бар. Бас мекемесі – Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан. Осы мекеме арнайы жолдың сапасын қадағалаумен айналысады. Жолға кететін материалдарымыздың түгелі дерлік отандық өнімдер десек болады. Тек полимер материалдары ғана импортпен алдырамыз. Біз көп уақытқа дейін битумның бір бөлігін Ресейден алып келдік. Ал бүгінде жылына 1,3 млн. тонна битум сұранысын өзіміздің

қазақстандық зауыттар қанағаттандырып отыр.

– Жол құрылысына байланысты қандай жаңа ғылыми технологиялар мен материалдар пайдаланылуда?

– Қазір де осы бағытта жұмыс істеп жатырмыз. Атап айтатын болсақ, нанобитум, нано-асфальтбетон бағытындағы зерттеулерді 2017 жылы бастағанбыз. 2019 жылы нанобитум бойынша ғылыми жаңалық ашылды. Нанобитумның жаңа құрамын алдық. Енді биыл осы нанобитум тақырыбы бойынша терең зерттеулер жасап жатырмыз. Атап айтатын болсақ, бүгінде конструкторлармен жұмыс жүріп жатыр. Өзіміздің көмірден нано-ұнтақ алатын жаңа қондырғы жасау үстіндеміз. Бұл – жаңа аспап, жаңа технология. Болашақта нано-ұнтағымызды жарты пайыздан 2 пайызға дейін битумға қосатын болсақ, битумның қасиеттерін түбегейлі өзгертуге болады. Оңтүстігімізге де, солтүстігімізге де жарайтын жақсы битум, асфальтбетон алу мүмкіндігін таптық. Қазақстандық нанобитум және наноасфальтбетон материалын түбегейлі жақсы зерттеп шығатын болсақ, болашақта полимерлік материалдарға да көп сұраныс тұмауы мүмкін. Сондай-ақ, Қазақстан мұнайға бай ел. Мұнайды жер қойнауынан шығарған кезде мұнаймен қоса күкірт шығады. Біріншіден, күкірт үйіліп жатпас

үшін, екіншіден, экологияға, адамзатқа, өсімдіктер мен жан-жануарларға зиянын тигізбес үшін соны дер кезінде залалдандыру керек. Оның жолы – ұтымды технология ойлап тауып, қолдану керек. Осы бағытта да біз тың тақырыппен айналысып жатырмыз. Мысалы, шөгінді жыныстардан алынған тас материалдар болады. Айталық, әктас дегендей. Бұлардың тоңу-еру циклінен кейін беріктігі төмендеп қалады. Олар суды көп сіңіргеннен кейін ісінеді. Осындай жол құрылысына жағымсыз құбылыстарды болдырмау мақсатында күкірттен полимерлерді, басқа да қосалқы химиялық заттарды қолданып, массасы бойынша 98 пайызға дейін күкіртті пайдаланып, беріктігі төмен материалдардың беріктігін жоғарылату, жолға пайдалану қасиеттерін арттыру мақсатында жаңа, жақсы технология жасап жатырмыз. Бұл бағытта да арнайы қондырғы жасаймыз. Тәжірибелі жол телімдерін салмақшымыз.

– Жол төсемесінің температурасы мен ылғалдылығын өлшейтін датчиктер орнатып жатқандарыңызды білеміз. Оның жол құрылысына әсері мен пайдасы туралы айтып өтсеңіз?

– 2009–2013 жылға дейін Қазақстанның 7 географиялық нүктесінде температура мен ылғалдылықты анықтайтын датчиктер қойып, жол төсемесінің әртүрлі құрылымын, топырағын, аралық қабаттары, асфальтбетонның жамылғылары қандай температуралық және ылғалдылық жағдайда қалай жұмыс істеп жатқандығына мониторинг жасау ісімен айналысқан болатынбыз. Осы бағытта арнайы өнертабыстар жасап, оған қазақстандық, еуразиялық патенттер алғанбыз. Қазір Ұлттық сапа орталығының тапсырмасымен былтырғы жылдың күзінен бастап 28 нүктеге датчиктер кешенін орналастырып жатырмыз. Бүгінде 25 датчик толық қондырылды. Біздің зерттеушілеріміз қазір қалған 3 аймақта осы бағыт бойынша жұмысты жалғастыруда.

Тағы бір жаңа тақырып, жолды салып біткен соң аймақта автокөліктердің өтуіне, ылғалдылыққа қарай, табиғи факторлардың әсерінен жолдың беріктігінің өзгеруі, басқа да қасиеттерінің уақыт бойынша өзгеру динамикасы болады. Осы жұмысты да ҰСО тапсырмасымен бастағанбыз. Биыл бұл жұмысты жалғастырып жатырмыз. Тағы бір айта кететін мәселе, Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институтында «неге полимерлерді өз елімізде шығармасақ» деген ой келді. Осыған байланысты қазір мемлекетіміздің шешімімен Ақтау қаласында бірнеше полимер шығаратын зауыттың салынуы туралы жоба қаралды. Егер, полиэтилен, полипропилен сияқты полимерлер шығарылатын болса, соны негізге алып, басқа функционалдық топтарды қосып, жолға қатысты полимерлерді шығарайық деп, осы жұмысты қолға алдық. Белгілі химия мамандарын қосып, отандық жол полимерлерін шығару мәселесін көтердік. Және тиісті мамандармен бірлесіп, жұмыс жүргізіп жатырмыз.

ТҰРҒЫН ҮЙ

Жалдау бағасы 30 пайызға өсті



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Қазақстанның үш өңірінде тұрғын үй жалдау бағасы өсіп келеді. Тамызда тұрғын үй шаршы метрі 1877 теңге болып, жалдау бағасы 2,1 пайызға өсті.

Бір жыл ішінде тұрғын үйлерді жалдау бағасы 19%-ға көтерілді. Ал Қазақстанның үш өңірінде бұл баға 30 пайызға артқан.



2020 жылдың осы уақытымен салыстырғанда тұрғын үй жалдау бағасы бірден 18,5 пайызға өскен. Ал былтыр бұл көрсеткіш тек 9,8% өсіп еді.

Алматы және Батыс Қазақстан облыстарында бұл көрсеткіш 4,2%-дан бастап, 37,4%-ға дейін жетті. Сондай-ақ, Алматы (35%) мен Шымкент қалаларында (33,8%) бағаның айтарлықтай қымбаттағаны байқалады.

Тамызда тұрғын үй шаршы метрі 1877 теңге болып, жалдау бағасы 2,1% өсті. Ал қыркүйекте Нұр-Сұлтанда шаршы метрі – 3443 теңге, Алматыда – 3062 теңге, Ақтауда – 2359 теңге және Түркістанда 2307 теңге болды.

Ең төмен баға келесі үш өңірде тіркелді. Таразда шаршы метрі – 1370 теңге,

Қызылордада – 1398 теңге, Семейде – 1452 теңге.

Еске салсақ, елордадағы тұрғын үй нысандарының студенттік жатақхана болып қайта бейінделетіні туралы хабарлаған еді. Нысандарды осы жылдың желтоқсан айында тапсыру жоспарланған.

ӘЛ-АУҚАТ

Жаңа көліктер көбеюде

Қазақстандықтар жаңа автокөліктерді жиі сатып ала бастады. Демек, Қазақстан жолдарында жаңа автокөліктердің үлесі артып келеді.



Energyprom сарапшылары 2021 жылғы қаңтар–тамыз айларында еліміздегі ресми дилерлер 73,4 мың жаңа жеңіл автомобильдер мен жеңіл коммерциялық техниканы сатқанын хабарлады. Бұл бір жыл бұрынғы осы кезеңмен салыстырғанда бірден 39 пайызға артық.

Жаңа техниканы сатудың басым бөлігі отандық өндіріс автомобильдеріне тиесілі. 2020 жылдың қорытындысы бойынша қазақстандық автокөліктерді сатудың үлесі 73 пайызды құраса, ал 2021 жылы Қазақстан автомобиль бизнесі қауымдастығының бағалауы бойынша отандық автоөнеркәсіптің үлесі 80 пайызды құрады.

Сонымен қатар, елімізде жаңа автокөліктерді сатудың үлесі артқанына қарамастан, Қазақстанда өкінішке қарай, ескі көліктер жеткілікті. Мәселен, осы жылдың тамыз айының қорытындысы бойынша ҚР-да тіркелген жеңіл автомобильдердің саны 3,8 миллионды құрады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 1,3 пайызға азайды. Бұл ретте 10 жылдан астам жастағы автомобильдер ҚР барлық автопарктерінің 63,7 пайызына немесе 2,4 миллионға жетті. 3 жастан 10 жасқа дейінгі автомобильдер 21,5 пайыз немесе 827,3 мың машинаны құрайды.



ТАҒЫМ

ӘЙГІЛІ ӘНШІ ЗИРАТЫ жаңартылды



**Айжан
БҮРКІТБАЕВА**

Алматыда Париж төрінде ән шырқаған дүлдүл Әміре Қашаубаевтың зираты жаңартылды.

«Біздің филармониямыз Әміре Қашаубаев атында болғандықтан, әнші ағамыздың зиратының қазіргі жағдайын көргім келді. Осы мақсатпен Алматыға арнайы ұшып келдім. Әміренің зираты Алматыдағы орталық зиратта орналасқан екен. Зиратын көріп, оны жөндеп, жаңарту қажет екеніне көзім жетті. Содан Семейдегі өзім танытын кәсіпкер жігіттерге хабарласып, зиратты жөндеу туралы өз ойымды айттым. Олар қолдау білдіріп, осылайша Әміре ағамыздың зираты жаңартылды. Әрине, Әміре – тек Семейдің ғана емес, бар қазақтың Әміресі, – дейді Әміре Қашау-

баев атындағы Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік филармонияның директоры Айбек Бекбосынов.

Әйгілі әншінің жаңартылған зиратының басына Ұлықбек Есдәулет, Тұрсын Жұртбай, Роза

Рымбаева, Секен Тұрысбеков сияқты белгілі әдебиет, өнер, мәдениет қайраткерлері жиналып, Құран бағыштап, аруағына тағзым етті.

Алматының орталық зиратына Әліби Жангелдин, Иса Байзақов, Дина Нұрпейісова, Мұхтар Әуезов, Әміре Қашаубаев, Ермұхан Бекмаханов, Ахмет Жұбанов, Қалибек Қуанышбаев, Күләш Байсейітова, Қаныш Сәтбаев, Шәкен Айманов, Мұқан Төлебаев, Қапан Мусин сынды белгілі тұлғалар жерленген.

Айбек Бекбосынов бұл бастаманың әлі де жалғасын табатынын айтты.

«Орталық зиратқа келіп қарасаңыздар, Дина Нұрпейісова, Мұхтар Әуезов, Әміре Қашаубаев жатыр. Жалғыз Әмірені ғана емес, қазақ зиялыларының, қазақтың қаймақтарының зираттарының бәріне осындай жаңарту жұмысы жасалса деген ойым бар», – деді ол.



КИНОКЕҢІСТІК



ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ФИЛЬМДЕРІ өзара бақ сынамақ

8–12 қараша аралығында Стамбұлда өтетін Korkut Ata Turkic World Film кинофестивалінің ашылу салтанатында «Томирис» көркем фильмі көрсетіледі.



АҚТОЛҚЫН ТҮРЛЫҒАЗЫ

Бұл туралы кинотуындының режиссері Ақан Сатаев өзінің Instagram-дағы парақшасында хабарлады. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша Sataifilm компаниясының қатысуымен «Қазақфильм» киностудиясы түсірген туынды биыл қыркүйек айында Түркияның 200-ден астам кинотеатрында көрсетілген. Түрік жерінде алғаш рет өткізіліп отырған Korkut Ata кинофестиваліне биыл 13 елден барлығы 42 кинотуынды қатысады. Фестиваль шеңберінде Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Татарстан сынды Түркі әлемі елдерінің киногерлері түрлі жанрда, соның ішінде тарихи, фантастика, деректі және анимация жанрында түсірілген үздік туындыларын ұсынады.

Еліміздің атынан бұл фестивальге бірнеше фильм қатысады.

Фестивальдің басты байқауларының бірі – көркем фильмдер бағдарламасында Рүстем Әбдірашевтің «Қазақ хандығы. Алтын тақ» көркем фильмі, ал деректі фильмдер байқауында режиссер Бақыт Қайырбековтің «Құтыда жанған алау» фильмі бақ сынады. Ал анимациялық фильмдер байқауында Адай Әбелдиновтың «Күлтегін» тарихи толықметражды анимациялық фильмі көрсетіледі. Сонымен қатар, фестивальдің тарихи туындыларына арналған бағдарламасында Сатыбалды Нарымбетовтың «Аманат» фильмі көрсетілсе, ал «Заманауи фантастика» байқауында көрермендерге Бегарыс Елубайдың «Оазис» фильмі ұсынылмақ.

Бүгінгі таңда фестиваль жұмысына Қазақстанның Халық әртісі Асанәлі Әшімов, «Қазақфильм» киностудиясының президенті Ақан Сатаев, қазақ киносына басқа да белді мүшелері қатысып жатқаны белгілі болды.

БАЛЕТ



Динара МУРАТ

Демалыс күндері Алматы өнерсүйер қауымы Қазақ ұлттық опера және балет театрында «Баядерка» балетін тамашалады.

2021 жылдың күзінде Абай атындағы ҚазҰОБТ Қазақстанның балет өнерінің майталманы Эдуард Мальбековтың мерейтойына арналған түрлі шараларға бай «Dance to Day» фестивалін өткізуде. 88-маусымда қалыс қалмай, Людвиг Минкусің «Баядерка» балеті қалың көрерменге жол тартты.

Үлкен сахнада басты рөлдерді әлемдік балет жұлдыздары Ресейдің еңбек сіңірген әртісі, Станиславский мен Немирович-Данченко атындағы Мәскеулік академиялық музыкалық театр прима-балеринасы, «Алтын маска» сыйлығының лауреаты, 2021 жылғы ең үздік әйел рөлі – Оксана Кардаш, Татарстанның еңбек сіңірген әртісі, Мұса Жәлел атындағы Татар академиялық Мемлекеттік опера және балет театры прима-балеринасы – Кристина Андреева, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Астана Опера Премьері – Бахтияр Адамжан сомдайды.

Балеттің өзіне келер болсақ, «Баядерка» сөзі «ритуалды билерді билейтін үнді бишісі» дегенді білдіреді. Бұл термин Еуропа елдерінде кеңінен таралған, негізінде Үндістанда биші аруларды «деваси» деп атайды. Либретто мен балеттің жасалуына бірден екі шығарма – көне үнді ақыны Калидастың «Шакунтала» атты драмасы мен И.В.Гегенің «Құдай және баядерка» балладасы негіз болған. Осы өлмес туындылардың негізінде орыс императорлық труппасының балетмейстері Мариус Пети-

БИ ТІЛІНДЕГІ ҮНДІ МАХАББАТЫ



па мен драматург С.Н.Худеков орыс балеті әлемінде танымалдылыққа ие болған, бақытсыз махаббат туралы әдемі әңгіме құра алды, ал императордың сот композиторы Людвиг Минкус оған керемет музыкалық сүйемелдеу жасап, өзінің ең жақсы туындыларының бірін жасады.

Қойылым желісі көне Үндістанда орын алады. Бас кейіпкерлер – үнді бишісі Никия (Оксана Кардаш) мен батыл жауынгер Солор (Бахтияр Адамжан) бір-бірін өлердей сүйеді. Екеуі бәрінен тығылып ғибадатханада кездесіп жүреді, бір күні бірге болудың жалғыз амалы – қашпақ болады. Алайда, олардың жолында талай кедергілер туындайды. Кедергі келбеті – Никия қарамай қойғаннан кейін өш алуды арман-

даған ұлы брамин, Солорға қызын беруге барын салып жүрген раджа, баядерканың басты қарсыласы – Гамзатти (Кристина Андреева).

Қойылым алдындағы баспасөз конференциясында спектакльдегі басты рөлдерді сомдаған белгілі солистер алдағы балет туралы айтып берді. Татарстанның еңбек сіңірген әртісі, прима-балерина Кристина Андреева Қазақстанға гастроль пандемия кезінде алғашқы іссапар болғанын атап өтті.

«Мені Гамзатти рөлін сомдауға шақырғандарына қатты қуандым. Оны билемегеніме көп болғандықтан, менің қызығушылығым арта түсті. Өздеріңіз білетіндей, бұл балет – классика. Менің партиям техникалық элементтердің көптігінен оңайшылықпен орындалмайды. Дегенмен, әркім өзінің рөлін өз деңгейінде алып шығып, көрермен талғамына сай келеміз деген үміттемін. Бұдан бірер жыл бұрын Нұр-Сұлтанда болғанмын, Алматыға алғаш келуім. Қанша шақырғанда келе алмай, жолым енді түскеніне қуаныштымын», – деді балерина.

Жау жүрек Солордың рөлін сомдаған Бахтияр Адамжан өзіне берілген мүмкіндікті жіберіп алмауға тырысқанын, осы рөлді ұзақ жылдар күткенін айтады. «Мен Абай атындағы опера және балет театрында екі жылдан астам қызмет еттім. Кейін астанаға – Нұр-Сұлтанды көшіп кеттім. Онда менің шығармашылығым шарықтай бастады. Осы театрда сол кездері бұл балетті билеуге мүмкіндік болмады. Қазір жолым ашылды. Көптен күткен рөлме аса қуаныштымын. Партияда басты рөлдердің бірін сомдайтындықтан бір-бірінен өткен керемет балериналарды тек жақсы жағынан көрсету менің мойнымда», – деп өз ойымен бөлісті өнерпаз.



САУАЛНАМА

БАЛАҢЫЗДЫ ДҮКЕНГЕ ЖҰМСАЙСЫЗ БА?

Майра БАЙМУРЗАЕВА,
№53 мектеп-гимназияның
бастауыш сынып мұғалімі:

– Дүкенге бару үшін бала нені білуі керек? Әрине, тиын-тебенді, ақшаны ажырата білуі тиіс. 5 жасында бала даярлық топқа барған кезде қосу мен алу амалдарынан хабары болады. 1-сыныпта біз соны толықтыра түсеміз. Бала мектеп буфетінен бірнәрсе сатып алып жейтін болса да, қолындағы қаражатты білуі керек. Сондықтан баланы үйге жақын маңдағы дүкенге жіберіп үйрете беру керек деп ойлаймын. Өйткені, кішкентай шаруаларды тапсыру арқылы үлкен жауапкершілік алуды үйренеді.

Бұл ретте нені ескеру керек? Алдымен, дүкеннің орналасқан жері маңызды. Оған барар жолда бала жолдан өте ме, жолдан көлік көп өте ме, яғни бала үшін қауіпсіз бе, соны қараймыз. Бірақ алғашында баланы бақылап, артынан қарап, тіпті жарты жолға дейін бірге барып, дүкенге өзін кіргізіп, сыртта күтіп, сауда жасауға да үйреткен жөн деп ойлаймын. Балаға ақшаның тиыннан құралатынын және қай зат қанша тұратынын айтып, қанша қайтарым ақша қалатынын айтып үйрету керек. Сол кезде балада санау қабілеті, математикалық логикалық ойлау қабілеті арта түседі.



Мәлдір РЫСМАНБЕТОВА,
психолог:

– Баланы әр жасқа қарай әртүрлі қасиетке баулу керек. Дүкенге бару деген күнделікті нәрсе болғанымен, оның өзінің балаға әсері болуы мүмкін. Егер бала дүкенге барған кезде өзі таңдау жасап, ата-анасының берген ақшасына керек деген затты алып үйренетін болса, ол баладағы «менді» қалыптастыруға ықпал етеді. Бала дүкеннен алып келген затқа ата-анасы сын айтқан

кезде де соны ескергені жөн. Үнемі «мынауың жаман, мынауың дұрыс емес» деген сөзді айта беретін болсаңыз, балаңыздың ішінде өзіне деген сенімсіздік пайда болады. Мақтап-марапаттап қойсаңыз, ол келесіде одан да жақсы зат алуға тырысады. Дүкенге берген ақшаның артылатынын білсеңіз, қалғанын сұрауды ұмытпаңыз. Егер сұрамайтын болсаңыз, балада қаражатты бей-берекет жұмсау әдеті пайда болады.

Шолпан ЖҰМАБЕК,
көпбалалы ана:

– Менің балам дүкенге 2-сыныптан бастап барды. Алдымен нан, сүт, қант секілді тұрмыста күнделікті керек заттарға жұмсап жүрдім. Алғашында бөлке нанды 60 теңгеге алатынбыз. Бір күні нан бағасы өсіп, 65 теңге болыпты. Балам дүкеншінің берген ақшасын санамаған болу керек, 5 теңге кем екенін үйге келгесін көріп, сасып қалды. «Маған дүкеншінің берген бар ақшасы осы. Өзіме ешнәрсе алмадым, жолда түсіріп алмадым» деп жатыр. Алдында әкесі ақша беріп, нанға жұмсағанда, бала емес пе, қызығып кеткен

болу керек, бізге айтпай өзіне сағыз алыпты. Әкесі берген ақшасын қайтарып алғанда санап, 20 теңге жетпейтінін біліп, сұрады. Балам сағыз алғанын айтып еді, әкесі рұқсатсыз ақшаны жаратқанына ренжіді. Содан кейін болар, 5 теңге жетпей тұрғанына қынжылып қалды. Дүкенші ескертпегенімен нанның қымбаттағанынан менің хабарым бар болған. Сонда да балама біреу ақша қайтарғанда санап алу керектігін айтып, ескерту жасадым. Мәселе 5 теңгеде емес, бірақ сол тиын-тебен баланың бойында жауапкершілік, рұқсат сұрау деген секілді жақсы қасиеттерді қалыптастыруға көмектеседі.

ШҮҒА,
дүкенші:

– Бізге дүкенге әртүрлі жастағы балалар келеді. Кейбір балалардың жасы 4-5-ге болса да тілі тықылдап, пысық келеді. «Жарты нан беріңіз, маған 40 теңге қайтарасыз» деп алдын ала есептеп айтып тұратындар да бар. Кей балалар ақшасы артылатынын да білмейді. Өзін бермесен, кете беруі мүмкін. «Әй, бала ақшанды ал» деп жүріп, жолдан қайтаратын кезіміз де болады. Бір ата-аналар өздері жұмыста болғанда балаларына керектің бере беруді өтінеді. Ақшасын өзі кешке жұмыстан қайтқан кезде төлейді. Ол да дұрыс емес. Соны білетін

кейбір балалар заттарды беталды ала береді. Дүкенші ретінде маған заттың өткені жақсы ғой, бірақ ата-аналар мен балаларды аяп кетемін. Сондықтан «дүкенге 6 жастан бастап жіберу керек» деген секілді нәрсемен келіспеймін. Ол баланың табиғатына, мінезіне байланысты болады. 10 жаста болса да бос балалар керегін тауып ала алмай жатады. Кейбір балалар кішкентай бола тұрып, бәрін біліп тұрады. Бастысы, бала ақшаны санап алуды білуі керек.

Сауалнаманы
жүргізген
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.

ӨМІРДІҢ ӨЗІ

БАРАР ЖОЛДА.

Автобуста әдемі бойжеткенмен қатар отырмын. Жол ұзақ, соңғы аялдамаға дейін барамын. Жанымдағы қыз да сөйтеді-ау деймін, жайланып отырғаны соны ұқтырғандай. Құлағында құлаққап, телефонының бетін салалы саусағымен әрлі-берлі сырғытып отыр. Басын бір көтерген жоқ. Неткен құлақ, неткен көз!



Сурет галаттордан алынды.

УАҚЫТ ӨРНЕГІ



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Жол ұзақ болғанда мен де телефонды ермек етер едім, оған шыдамаймын. Көзім қарауытып, басым айналып, құлағым шуылдап, лоқсып, әбжіріп кетер едім. Әлгі жап-жас қыз қандай сұлу. Көзі өткір. Құлағы сақ. Миы бір сәтте бәрін қабылдай береді. Базарға кетіп барады... Ал біз базардан қайтып келе жатырмыз...

Ален Делон (француз актері) айтыпты, «жасарамын деп пластикалық операция жасату – өзіңді алдау, ал оныға өзгелер мысқылдап күлуі мүмкін» деп. Жасандылыққа о бастан жаны қас көрінеді. 90-жылдары әлемдегі ең мықты деген пластикалық хирургтар сізді 10 жылға жасартып береміз деп айналасынан шықпаған көрінеді. Сонда да жасатпаған. Дұрыс!

Қазір Инстаграмда бетін тартқызған, ернін үлкейткен қыз-келіншектер көбейді. Олардың ішінде ел алдында жүрген танымалдары да аз емес. Жастардың стилінде киінсем, жас көрінемін дей ме, солай киініп алатындары да бар. Бар ақшанды бетіне, үстіне жапсырсаң да, биологиялық жасыңды ешқашан жасыра алмайсың ғой. Соны неге түсінбейді?!

Біздің жасымызда даналықпен, сабырлы мінезбен, ақыл-парасатпен сұлу көрінуге әбден болады. Ал әжімдер – сені осы қасиеттерге алып келген уақыттың өрнектері деп білемін.

ҚАЙТАР ЖОЛДА. Автобус кілт тоқтады. Орта жолдан қол көтерген біреуге тоқтады-ау. Айқара ашылған есіктің алдына кеп таяған 50-лердегі әйел:

– Болсаңшы, тез, күтіп қалды ғой! – дейді сырттағы біреуге. «Сырттағы біреу» – 80-ге

таяп қалған, таяққа сүйенген апа екен, анасы болар, ұқсастық бар.

– Ойбуу, мына аяғы құрғыр бастырмайды ғой сол, – деп, жолаушыларды күттіріп қойдым ба дегендей ыңғайсызданып кіріп келеді автобустың тепкішегінен көтеріліп әлгі апа.

Қатар отырмыз. Терезеге көз салып отыр. Талғар тауларына сүйсініп:

– Мынау таудың етегінде тұрар ме еді, шіркін! – деп қояды. – Бұл жақта су бар ма, су жоқ деп естіп едім?

– Бар ғой, апа. Су болмаса осынша халық тұра ма, тұрып жатқан үйлерін қараңыз, кілең коттедж, шетінен бақуатты, – деймін.

Құлағындағы ай сырғасы күнге шағылысса жарқ еткен апа:

– Е-е, дұрыс айтасың. Тіршілігі жақсы ғой деймін. Алма, алмұрт ағаштары көп деп естимін, – деп бір қойды.

Бір кезде автобусымыз кілт тоқтап, кідіріңкіреп қалды.

– Не боп қалды екен? – деп жолаушы апамыз жүзін терезеден бері бұрып, алға қарай көз тастады.

Тасжолда 5 аппақ қаз кетіп барады екен, мойындарын пандаға көтеріп алған, екі бүйіріне кезек-кезек шайқатыла аударылып, аяқтарын маң-маң басып асығар емес. Лезде «көлік кептелісін» жасап үлгеріпті өздері.

– Жүрістерін қара, асықпайды өздері! – деп балаша күліп қойды апа. Қонаққа келе жатқан сықылды. Көңілі тоқ көрінді. Үстіндегі қамзолының түсі мен басына тартқан орамалының жиегіндегі өрнек бір-бірімен әсем үйлесіп тұр. Қамзолының қапсырмасы да күздің жаймашуақ күніне шағылысып жалт-жұлт етеді. Талғампаз кісі екен. Балалары да жақсы болып тұр-ау!

Әдемі қартаю деген, әдемі болу деген, міне, осы!

ХАЙУАНАТТАР БАҒЫНДА

АҢДАР ДА ОЙНАЙДЫ



Айкерім
НӘЛДІБЕКОВА

Алматы хайуанаттар бағына арыстандар үшін бөшкелер, конустар мен арқандар әкелінді.

– Достар, сіздер білесіздер ме, олар не үшін қажет? Арыстандар, пумалар, барыстар, ягуарлар үшін бұл заттардың барлығы ойыншық ретінде қызмет етеді. Олар ойыншықтарды илегенді, сүйрегенді, тістегенді ұнатады. Ойыншықтар үй жануарларының өмірін әртараптандыру үшін қажет, – деді хайуанаттар бағының өкілдері.

Ойыншықтар жануарларға ақыл-ойы мен физикалық қабілетін көрсетуге көмектеседі.

– Жануарларға бөшкелер мен конустарды бермес бұрын, біз оларды дезинфекциялық ерітіндімен жуамыз. Біз сіздерге арыстанның ойыншығы болған бөшкелерді көрсеттік. Алаңдамаңыздар, бөшкелер азық-түлік пластикінен жасалған, – дейді хайуанаттар бағының қызметкері.

БОКС

ЖЕҢІЛ САЛМАҚТАРДА – ЖЕҢІМПАЗБЫЗ

Белградта (Сербия) бокстан әлем чемпионаты аяқталды. 2 алтын, 2 күміс, 1 қола, жиыны 5 медаль иеленген Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте Кубаны ғана алға жіберді. Куба құрамасы да бес жүлде алды, дегенмен алтыны көбірек.

Биылғы доданың басты ерекшелігі екеу болды. Біріншіден, салмақ дәрежелері үшке көбейтіліп, боксшылар 13 салмақта сынға түссе, екіншіден, олимпиадалардағы үрдіс мұнда да жалғасын тауып, техникалық шеберлігі ең жетік боксшыға В.Баркер кубогы тапсырылды. Айта кету керек, Баркер кубогын тапсыру бастамасын даңқты боксшымыз, олимпиада чемпионы, Қазақстан әуесқой бокс федерациясының вице-президенті Бақтияр Артаев көтерді. Артаев 2004 жылы Афины олимпиадасында чемпион атанумен қатар, Баркер кубогын да иеленген еді. Бірақ кубок жаңартылатындықтан, Артаевқа берілген жүлде естелік ретінде боксшының өзінде қалғаны айтылған еді. Біраз жылдан соң Бақтияр Ғарифоллаұлы мұндай кубок олимпиадада ғана емес, әлем чемпионаттарында да ең шебер боксшыға берілуге тиіс екенін айтып, АИБА-ға ұсыныс тастады. Нәтижеде биылғы Баркер кубогы үшінші рет әлем чемпионы атанған кубалық Энди Крузға (63,5 келі) табыс етілді.

Айтары жоқ, Қазақстан құрамасы Белград додасын зор табыспен аяқтады. Токио олимпиадасында қос қоланы ғана қанағат тұтып, еңсеміз түскендей болып еді. Арада екі айдан астам уақытта бас бапкер де ауысты, құрам да жаңарды. Жартылай финалға бес боксшымыз шығып, Куба және Ресей құрамаларымен иық тіресіп тұрдық. Соңында алға Куба ғана түсті.

Әрине, аз уақытта бәрі де қалпына келді деуге ертерек. Олимпиадалардан кейінгі

әлем чемпионаттары әдетте буын алмасу кезеңдеріне тап келеді. Қазақстан құрамасы осы кезеңді жақсы өтере бастағанына дәлел тапқандаймыз. Ендігі меже – 2023 жылы Ташкентте өтетін әлем чемпионатында, 2024 жылғы Париж олимпиадасында табысты өнер көрсету.

Биылғы әлем чемпионатында қазақстандық жеңіл салмақты былғары қолғап шеберлері өте жақсы нәтиже көрсетті. 48, 51, 54 және 57 келі салмақтарда төрт боксшымыз финалға шығып, екі алтын, екі күміс жеңіп алды. Әлем чемпионаттары тарихында отандық боксшылар жеңіл салмақтарда мұнша нәтижелі болып көрген емес. Сонымен бірге, орта және ауыр салмақтарда бәсіміз төмендей бастағандай әсерде отырмыз. Әрине, құрама ардагерлері Василий Левит (91 келі) және Қамшыбек Қоңқабаев (+91 келі) бұл жолғы додаға барған жоқ. 2019 жылғы әлем чемпионы Бекзат Нұрдәулетов (81 келі) кәсіпқой боксқа бет бұрды. Олардың орнын басуға тиіс ағайынды Нұрбек және Айбек Оралбайлар, Нұрлан Сапарбай бос қайтса да, оларды жүлдесіз қалғаны үшін жазғыра алмаймыз. Мысалы, Н.Оралбай (80 келі) әлем чемпионатының ширек финалына дейін барды. Бұл кезеңде ол жергілікті боксшы (Ресейде туған, Сербия азаматтығын қабылдаған) В.Мирончиковпен тең жұдырықтасты, тіпті басым да болды. Бірақ төрешілердің бесеуі де Мирончиковке дауыс берді. А.Оралбай (92 келі) мен Өзбекстан қазағы М.Саидрахымов арасындағы кездесуде де Айбек жеңілді деуге ауыз бармайды. 71 келіде Асланбек Шымбергенов те, 75 келіде Нұрқанат Райыс та бір секірсе, жүлдеге ілінер еді. Бірақ Шымбергенов болашақ әлем чемпионы Ю.Захаревтен (Украина) жеңілді, ал Райыс италиялық С.Кавальероға төрешілердің әрқелкі шешімімен есе жіберді.

Жеңімпаз спортшыларға ықыласымыз ерекше. Т.Жүсіпов неше жыл ең жеңіл салмақта ел намысын абыроймен қорғады: Азия чемпионы атанды. «Астана арландары» сапында Бүкіләлемдік бокс сериясының чемпионы болды, биыл әскерилер арасында әлем чемпионы атағын жеңіп алды. Құрама-



ның ардагер спортшысы (33 жаста) осынша жетістігінің қасына әлем чемпионы белбеуін қосқаны бір заңдылық сияқты.

Токио олимпиадасының жартылай финалында жеңіліп, қатты өкініш білдірген Сәкен Бибосынов (51 келі) екі айдан кейін әлемде үздік атанды. Сайрамдық спортшының жігеріне тәнтіміз: олимпиададан кейін Алматыда өткен марапаттау шарасында ол әлем чемпионатына баратынын, Токио есесін қайтаруға тырысатынын айтып еді. Азамат уәдесінде тұрды. Жеребенің аса қиын болғанына қарамастан, Сәкен қарсыластарының барлығын еркін тұқыртты.

54 келіде Махмұд Сабырхан бүкіл бокс мамандарын тәнті етті. Оның өз салмағынан бір саты жоғарыда табысты өнер көрсеткені өз алдына, финалға дейін қарсыластарынан анағұрлым басымдық танытты. Финалда жапониялық Томои Тсубоиден бір мысқал кем болған жоқ.

Біздің патша көңіл Сабырханның басым болғанына сенімді. Алайда, төрешілер Тсубоиді жақтады.

Серік Теміржанов та (57 келі) Токио олимпиадасындағы сәтсіздігінің кездейсоқ болғанын дәлелдей алды. Боксшыларымыздың ішінде биылғы әлемдік додада ең көп жекпе-жек өткізген де – осы Серік (6 кездесу). Финалда америкалық Жамал Харви жылдамырақ болғаны рас. Дегенмен, Теміржановтың Кереку өңірінен шыққан бокстан тұңғыш әлем чемпионатының жүлдегері екенін ескерсек, бұл табысының қаншалық құнды екенін түсіне түсеміз.

Әлем чемпионаты қарсаңында жаңа бас бапкер Қайрат Сәтжанов Қазақстан құрамасы жалпы есепте бірінші орынды көздейтінін айтқан еді. Маман да сенім үдесінен шыққан сияқты. Ол бастап барған 13 боксшы ішінде әлемдік додада олжасы бары – С.Бибосынов пен А.Жүсіпов қана болатын (қола). Енді олардың сапына жаңа есімдер қосылғанына қуанышымыз шексіз.

Жексенбі күні кеште боксшылар елге оралды. Енді олар біраз тынығып алып, 2022 жылғы кешенді сындарға дайындықты бастайды.

АУЫР АТЛЕТИКА

Жаңа бас бапкер және жаңа чемпиондар

Ауыр атлетикадан Қазақстан ұлттық құрамасына жаңа бас бапкер тағайындалды. Ол – Дәурен Бекмұхамбетов.

Жаңа бапкер қазір Талдықорғанда өтіп жатқан Қазақстан біріншілігіне жіті назар аударатыны сөзсіз. Осы дода қорытындысында бапкерлер құрамы нақтыланып, құрама мүшелері де алдағы сындарға дайындалады. Өзірше бірнеше салмақ дәрежесінде жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды.

Ерлер. 55 келі

1. Арли Чонтей (116+141) – Шымкент; 2. Абылай Әуелханов (109+137) – Алматы облысы; 3. Ислам Илиясов (104+122) – Ақмола облысы.

61 келі. 1. Алексей Дроздов (133+162) – Алматы облысы; 2. Өтепберген Әлиев

(110+138) – БҚО; 3. Жалғас Сейітов (109+137) – Ақмола облысы.

67 келі. 1. Сайрамкез Ақмола (129+180) – Алматы облысы; 2. Анатолий Савельев (138+170) – Алматы облысы; 3. Едіге Емберді (129+152) – Нұр-Сұлтан.

Әйелдер. 45 келі

1. Юлия Потасова (68+77) – Алматы облысы; 2. Александра Беленко (55+70) – ШҚО; 3. Айнұр Әбдіхалықова (54+55) – Жамбыл облысы.

49 келі. 1. Наталья Щупакова (62+80) – Алматы облысы; 2. Әлфия Ғарифуллина (60+78) – Алматы облысы; 3. Айым Мұхаметжанова (62+75) – Ақмола облысы.

55 келі. 1. Әйгерім Ауылбек (79+95) – Алматы облысы; 2. Екатерина Алякина (78+95) – Қостанай облысы; 3. Алина Колиушко (75+90) – СҚО.

59 келі. 1. Гүлнұр Ыбырай (85+105) – Алматы облысы; 2. Яна Петровская (72+86) – Қарағанды облысы; 3. Татьяна Новак (65+86) – Ақмола облысы.

ФУТБОЛ



Енді 20 қарашада Алматыда өтетін қарымта кездесуде қажет нәтижеге қол жеткізсе, алматылықтар кубок финалына жолдама алады.

Жалпы, қос команданың соңғы жылдардағы текетіресі «қос астана дербиі» деп аталып, тартысқа толы болып жүр. Биыл «Қайрат» 25 турда өз алаңында «Астананы» 1:0 есебімен жеңіп, елордалықтардың

«Қайрат» кубокты көздейді

Өткен жексенбіде «Қайрат» Қазақстан кубогының жартылай финалындағы алғашқы кездесуін Нұр-Сұлтанда өткізіп, жергілікті «Астана» командасын 3:0 есебімен жеңді.

чемпиондық үмітін үзгендей болып еді. Кубокта да «Қайрат» басымдық танытты. Раде Дугалич, Хосе Канте және Артур Шушеначев соққан голдарға астаналықтар қарымта қайыра алмады.

Екінші жартылай финалда «Шахтер» «су жаңа» ел чемпионы «Тобылды» 5:2 есебімен ойсырата ұтты. Бұл командалардың қарымта кездесуі 22 қарашада Қостанайда өтеді.

КҮРЕС

Жас балуандар да қауқарсыз ба?

Сербияның Белград қаласында күрес түрлерінен 23 жасқа дейінгі спортшылар арасында өтіп жатқан әлем чемпионатында Қазақстан қоржынына алғашқы медаль түсті, деп хабарлайды Olympic.kz.

Еркін күрестен 61 келіге дейінгі салмақта сынға түскен Асыл Айтақын турнирдің қола жүлдегері атанды. Үшінші орын үшін өткен кездесуде ол Венгрия өкілі Гамзаггаджи Халидовпен кездесіп, 3:3 есебімен тең түсті. Төрешілер әдіс сапасы бойынша жеңісті Асылға берді.

Бұл сында грек-рим күресінен бәсекелер аяқталды. Өкінішке қарай, «классиктерде»



жүлде жоқ. Сұлтан Әсетұлы ғана қола жүлде үшін күресуге мүмкіндік алғанмен, қарсыласына есе жіберді.

Бетті дайындаған Естен САБАЛАҚ.





ЖӘДІГЕРЛЕР

Ақан серінің домбырасы



Ақын, әнші, композитор Ақан сері (Ақжігіт) Қорамсаулының 50-ге жуық музыкалық мұрасы қазақ мәдениетінің алтын қорына енген.

Шығармаларын Әміре Қашаубаев, Жүсіпбек Елебеков, Манарбек Ержанов, Жәнібек Кәрменов сияқты күміс көмей әншілер орындап, халық игілігіне айналдырды.

Ақан сері ұстанған сал-серілік дәстүр «Құлагер», «Маңмаңгер»,

«Көкжендет», «Екі торы ат», «Алайкөк», «Тер қатқан» сияқты тамаша әндердің дүниеге келуіне себепші болды. Сондай-ақ, оның «Көкшетау», «Сырымбет», «Кербез сұлу» деп аталатын әндері – туған жерге, өскен елге деген перзенттік махаббаттың жарқын айғағы. Жоғарыда аталған әндерден басқа Ақан серінің «Балқадіша», «Ақтоқты», «Алтыбасар», «Мақпал», «Майда қоңыр», «Ақ көйлек», «Аужар», «Ғашық жарға», «Тағрипын» сияқты шығармалары қазақ музыкасының ән қорын байытты.

Ақын, әнші, композитор Ақан сері Қорамсаулының домбырасы – екі ішекті, қалақша пішінді музыкалық аспап. Шанағы тұтас ағаштан шабылып жасалған, көлемі шағын. Аспаптың жасалған уақыты мен жасаған шебердің аты жөні белгісіз. 2017 жылы реставрациядан өткен. Аспаптың мойны мен басы тұтастай қайыңнан жасалған. Бет тақтайы қарағайдан.

Ақтоқтының ұрпақтарында сақталған бұл құнды мұра 2 томдық «Ақан сері» романын жазған Сәкен Жүнісовтің қолына Ақан серінің өмірі мен шығармашылығын зерттеп жүрген шағында түсіп, ұзақ жылдар қаламгердің үйінде сақталып келген. 2017 жылы Сәкен Жүнісовтің қызы Гүлмира Сәкенқызы жәдігерді Алматы қаласындағы Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейіне тапсырды. Қазіргі таңда аспап аталған музейде сақтаулы тұр.

Абайдың аспабы



Шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау етіп, қазақ әдебиетін жаңа деңгейге көтерген Абай Құнанбайұлы ұлттық музыкада да үлкен із қалдырған тұлға.

Ақын «Көзімнің қарасы», «Не іздейсің, көңілім», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Татьянаның хаты», «Сегізаяқ» сияқты бірнеше әні арқылы халықтық музыкаға жаңалық әкелді. Сонымен қатар, ұлы ақынның домбыраға арналған бірнеше күйі бар. «Май түні», «Майда қоңыр», «Торы жорға», «Абайдың желдірмесі» күйлері мен әндерінен өзара үндестік байқалады.

Абай бірнеше саз аспабын жасатқан. Өзінің төл ұрпақтары мен айналасындағы әнші-күйші, ақындарға арнап бірнеше домбыра жасатып сыйға берген. Ақынның жеке домбырасы – үш ішекті, 8 пернелі, қалақша пішінді музыкалық аспап. Дыбыс ойығының саны – он, қоңыр түсті. Домбыраны Абай мен ақынның ұлы Ақылбай қолданған. Кейін жәдігер мұра ретінде Ақылбайдың ұлы Исраилға қалды. Ұлы ақынның немересі Исраил бұл домбырамен облыстық, республикалық деңгейдегі түрлі байқауларға қатысқан. 1959 жылы Исраил дүние салып, кейіннен қыздары жәдігерді Семейдегі Абай Құнанбайұлының әдеби-мемориалдық музейіне тапсырған. Ал 1981 жылы Алматы қаласындағы Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі қорына алынды. Аспап бүгінде осы музейде сақтаулы. Абай домбырасының осы түпнұсқасынан басқа 4 көшірмесі жасалған.

Анасының сыйлығы

Шаһар төріндегі Нұрғиса Тілендиевтің мемориалды музейіндегі көрнекі экспонаттардың бірі – пианино.

Жұмыс бөлмесіне ерекше сән беріп тұрған бұл құнды жәдігерді қазақтың әйгілі күйші композиторы, дирижер, дәулескер домбырашы Нұрғиса Тілендиевтің анасы Салиха сыйға тартқан екен. Бұл – сазгердің көптеген шығармаларының жарыққа шығуына арқау болған музыкалық аспап.

Өнер өкілінің бала күнінен бері көздің қарашығындай сақталған бұл аспаптың бүгінгі күні де сыны кетпеген.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.



ЖӨН ЕКЕН!



Ақтоқын
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Алматыдағы Алатау ауданына қарасты «Мәдениет» ықшам-ауданында Шоған абыздың атына көше берілді.

XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген Шоған Сүйеркүлұлы сәуегей абыздығымен, алқа топты қақ жарған әділдігімен есте қалған. Ақыл-парасатының арқасында аты шығып, өз дәуірінің оза шапқан тұлпары болғандықтан, атына «абыз» сөзі қосылған. «Бүгінде қауым ел болған баба ұрпағы оның атына көше беріп, даңғыл жолды дара тұлғаның атымен атады. Шоған абыз – Есім хан хандық құрған кезде өмір сүрген адам. «Есім ханның ескі жолы» деген құжатты жасаған уақытта қасындағы кеңесшілерінің бірі болған», – деді Шоған абыздың ұрпағы, ҚР денсаулық саласының үздігі Тұрарбек Төлендиев.

Абыз жайлы ақпарат көп. Тарихи мәліметтерде оның шешендік, әділдігін былай қойғанда, Жібек жолы бойында керуенбасы болып,

Абыз есімі ардақталды



қарулы жігіттерден жасақ құрғаны, сондағы сауда-жол қатынасын реттеп отырғандығы айтылады. 14 жасынан ел басқару ісіне араласқан бидің кесенесі бүгінде Өзбекстан астанасы Ташкентте орналасқан.

«Алатау ауданы – жас аудан. Көптеген көшелердің атауы жоқ. Яғни көбі «1, 2, 3-линия», «Жаңа көше» деп аталып кеткен. Бүгінгі таңда сол көшелердің бәріне атау беріліп жатыр. Осы «Рахат», «Мәдениет» шағынаудандарының өзінде 40 көше жаңа атауға ие болды.

Енді жылдың аяғына дейін осы көшелерге жаңа форматтағы атаулар ілетін боламыз», – деді Алатау ауданының әкімі Азамат Қалдыбеков.

Көшенің ресми ашылуына абыздың ұрпақтары мен ел ағалары қатысты. Бабаның мұрасы дәріптеліп, еңбегі айтылған рухани іс «Жаңа Алматы» бағдарламасының аясында жүзеге асып отыр. Жалпы, Алатау ауданының өзінде атауы жоқ 103 көше жаңа есімге ие болған.

РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ



Еңселі ескерткіштер бой көтерді

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы құрметіне Түркістан облысының Қазығұрт ауданы Сарапхана ауылындағы «Мәңгілік ел» кешеніндегі «Алаш арыстары» мен «Анаға тағзым» және даңқты палуан Қажымұқан Мұңайтпасовтың еңселі ескерткіштерінің ашылу салтанатына арнайы шақырумен барып қайттық. Мүсінді жасаған – Әбдікәрім Ахметов.

Бұл айтулы тарихи шараға Елорда мен Алматыдан, облыс орталықтарынан зиялы қауым өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, қазақтың көрнекті тарихшы ғалымдар – Талас Омарбеков, Мәмбет Қойгелді, Хангелді Әбжанов, Серік Негимов, Парламент Мәжілісінің депутаттары Айдос Сарым, Берік Әбдіғалиұлы, Сауытбек Әбдірахманов, Қазығұрт ауданының әкімі Арман Абдуллаев, өзге де танымал тұлғалар қатысты.

Түскі мезгілде Алаш ардақтыларының рухына Құран бағышталып, ас берілді. Қазығұрттан Шымкентке қайта оралған қонақтар қала орталығындағы шертпе күйдің шебері Сүгір күйшінің еңселі ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан облыстық университетінде «Алаш руханияты және Тәуелсіздік» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияда бас қосты. Университет ректоры, академик Дариға Қожамжарова басқарған конференцияда қазақтың көрнекті ғалымдары Аманкелді Айталы, республикалық «Ардагерлер ұйымы» төрағасының бірінші орынбасары, академик Өмірзақ Озғанбай, өзге де көрнекті ғалымдар баяндама жасады.

Ертеңіне таңертеңгілік мезгілде зиялы қауым өкілдері мен ғалымдар, журналистер қауымы Созақ ауданына қарай жол тартып, көне Созақ ауылындағы «Созақ қасіреті» мемориалдық кешенінің ашылу салтанатына қатысты. Мемориалдық кешен кешегі отыншы жылғы қанқұйлы Созақ көтерілісінде құрбан болып, соңы аштық пен қуғын-сүргінге ұласқан қара-



лы оқиға мен Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерекесіне арналып тұрғызылған. Созақ ауылдық округіне кіретін күре жолдың бойында Созақ қасіреті туралы толық мағлұмат беретін тақта қойылып, көтеріліс пен ашаршылық құрбандарына еңселі ескерткіш орнатылған. Қуғын-сүргін көрген азаматтардың тізімі де мәрмәр тасқа қашалып жазылған. «Созақ қасіреті» мемориалдық кешенінің ашылу салтанатында Түркістан облысы әкімінің орынбасары Сәкен Қалқаманов тарихымыздағы маңызды оқиғалар ішінде Созақ көтерілісінің орны ерекше екеніне тоқталды. Мәжіліс депутаты Берік Әбдіғалиұлы: «Бұл қасірет орны мемлекет қарамағына алынып, мұражай ашылуға тиіс, жас ұрпаққа тағылымдық-патриоттық тәрбие беретін қастерлі орынға айналуы керек», – деп орынды атап өтті.

«Созақ қасіреті» мемориалдық кешені құрылысын созақтық кәсіпкер Орынбек Ібіжанов жүргізіп, бастамашыл топ Бекет Тұрғараев пен Түркістан облысының Құрметті азаматы Сексенбай Тұрысбековтің ұйымдастырушылық қажырлы еңбегінің арқасында Созақ көтерілісінде ата-бабалары құрбан болған азаматтардың қаржы жинауымен осындай ауқымды елдік шара жүзеге асырылды.

Өтеш ҚЫРҒЫЗБАЕВ,
Қазақстанның құрметті журналисі.

БӘРЕКЕЛДІ!

Биші чемпион



Ақтоқын
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

Қазақстандық биші Әмір Зәкіров Польшада өткен әлем чемпионатында жеңіске жетті.

Red Bull BC One – әлемдегі ең ірі жарыс. Оған жыл сайын әлемнің түкпір-түкпірінен мыңнан астам биші қатысады. Қазақстан мен ТМД елдерінен бірінші болып атакты Николай Черников пен Килла Коля осы жарыстардың фина-



лисі атанған болатын. Әмір Зәкіровке келетін болсақ, 2021 жылдың

қыркүйегінде ол Бельгияда өткен JBL Unbreakable ірі халықаралық брейк-данс турнирінің жеңімпазы атанғанын айта кеткен жөн. Финалда ол бельгиялық Майти Джиммен бақ сынасты. Сондай-ақ, Әмір ТНТ арнасындағы «Танцы» шоуының 3-маусымының қатысушысы, Қазақстан чемпионы және брейктен республика құрамасының мүшесі. Ол көптеген Ресей және Еуропа чемпионаттарының жеңімпазы және жүлдегері. Айта кететін жайт, брейк-данс 2024 жылы Парижде өтетін Олимпиада ойындарының бағдарламасына енгізілген болатын.



«ОЛ ЖОЛДЫ ЕШКІМГЕ КӨРСЕТПЕЙМІН...»



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Әлеуметтік желіде отырған едім. Әлемдегі қилы тағдыр нелері туралы түрлі оқиғалар шыға берді алдымнан.

Бельгиялық параатлетші Марики Вербурттің денсаулығы жасөспірім шағында сыр бере бастаған екен. 2000 жылы дәрігерлер оған тетраплегия диагнозын (белден төменгі қарай мүшелерін түгелдей салдандыруға жеткізетін, тым жедел дамиды кесел) қояды. Сол аурудан 40 жасына дейін азап шеккен. Бірақ салауатты өмір салтын ұстануға тырысқан. Триатлонмен, дайвингпен айналысқан. Дегенмен, мүгедектер қоларбасына мәңгілікке таңылады. Сонда да қарап отырмай, спорттың қоларбадағы баскетбол және паратриатлон түрін серік етеді. Ал денсаулығы күрт төмендегенде, тағы да мойымай, спринтке ауысады. 2012 жылы Лондонда 400 метрлік қашықтыққа жүгіруден – алтын, 100 метрлік жарыстан күміс иеленеді. Ал Риода 2016 жылы күміс пен қола жеңіп алады. Осы Паралимпиададан соң Марики ендігі жерде жаттығуға күш-қуаты жетпейтіндігін айтады. Ауруды басатын дәрі-дәрмектердің де ағзасына бұрынғыдай әсер етпей жатқанын жеткізеді. Индеті асқынып, енді сал ауруы кеуде тұсына көтеріліп, қолын да жансыздандыра бастайды. Көз жанары да сөнуге айналады. Ол азаптан қиналған сәттерінде өзін 90 жастағы кейуанадай сезінгенін айтқан. «Мен адам төзгісіз азаптан қиналып өлгім келмейді. Сондықтан эвтаназияны қалаймын», – деп өтініш жазады. Маркие туыстарына алдын ала қоштасу хатын жазып, өзін көз жұмған соң қызыл жәшіктен аппақ көбелектерді ұшырып тұрып жерлеуді сұраған екен. Өтініші қанағаттандырылады...

Эвтаназия дегеніміз не? Ол – айықпас дертке шылдыққан, бойына тараған кеселі әбден қажытқан, жарық дүниеден күдері үзіле бастаған, өмірден өтуге өзінің шамасы жетпей жатқан ауыр халдегі адамның өмірін оның өтініші бойынша тоқтату. Ауру жанның өз қалауымен жарық дүниемен қоштасуына Бельгия, Швейцария, Голландия, Нидерланды, Люксембургта және АҚШ-тың Вашингтон, Вермонт, Монтана, Орегон штаттарында рұқсат берілген.

Айықпайтын науқасқа шалдыққан ересектерге эвтаназия қолдану Бельгияда сонау 2002 жылы заңдастырылған. Бүгінгі таңда медицина да қауқарсыз сырқатпен ауыратын барлық жастағы балалардың өмірін осы жолмен тоқтатуға құқығы бар жалғыз мемлекет те осы.

Эвтаназияны рәсімдеуде әуелі нотариус куәландырған заңды құжат жасаларды екен. Келісім-шартқа шамасы жетіп тұрса, пациент өзі, әйтпесе сенімді өкілі

қол қоюы керек. Оған қоса, пациенттің ақыл-есінен толық айырылғаны туралы психотерапевтің шешімі қажет. Егер пациент комада жатса, арнайы мамандар оның миы өлгенін растауға тиіс.

Эвтаназияға өз елінде рұқсат етілмесе, рұқсат бар мемлекеттерге арнайы ажалына сұранып барып, өмірімен қоштасатындар да жоқ емес. Бірақ қатты сырқаттанып жатқан адамды басқа елге жеткізу, тасымалдау, тіпті, әуе компанияларынан рұқсат алу да оңай шаруа емес көрінеді. Туған жеріне эвтаназия жасаған адамның сүйегін әкелу де өте қымбат тұрады.

Жалпы, теорияда эвтаназияның 2 түрі бар. Науқас емін әдейі тоқтату «пассивті эвтаназия», ал оған ешқандай ауырсынудың өлімге алып келетін препарат енгізу «активті эвтаназия» деп аталады. Ал Гиппократ анты бойынша дәрігер өлтіретін дәрі-дәрмекті ешкімге бермеуге тиіс және өлу жолын көрсетуіне де болмайды. Бұл жөнінде Гиппократ «Мен сұрап келгендерге ешқашан улы қоспа бермеймін және оларды жасайтын жолды да ешкімге көрсетпеймін» деген екен. Дәрігерлер қалай болғанда да адамның жанын алып қалуға серт етеді. Сондықтан дәрігер мен эвтаназия – бірібіріне қарама-қайшы түсінік.

Эвтаназияға рұқсат берген елдердің ішінде мұсылман мемлекеттері мүлдем жоқ. Себебі, ислам діні бұған түбегейлі қарсы. Біздің Қазақстанда да эвтаназия қолданылмайды. Эвтаназия біздің елде қылмыс жасағанмен пара-пар.

Шариғатта кісі өлтірмек тұрмақ, жыбырлаған кішкентай жәндікке де зиян тигізуге болмайды. Біздің ұғымымызда адам өмірі қандай ауырталдық болмасын, сақталуы тиіс ең басты құндылықтар санатына жатады. Сондықтан исламда өлім арқылы қиындықтан құтылу деген түсінік жоқ. Егер сырқат адам дәрігерден өзін ажалынан бұрын о дүниеге аттандыруды өтінсе, онда ол өзін өлтіргенмен тең. Сондықтан үлкен күнә арқалауды, адами қасиеттен аттап кетуді дәрігерлердің де қаламасы анық.

Бүгінгі таңда емі жоқ аурумен күн сайын күресіп жатқан науқастарға арналған, оларды күтуден қажыған жақын-жуықтарына да сәл де болса қолдау көрсететін хосписстер бар. Онда ауруға қарайтын, күтім жасайтын, дене ауруын тоқтататын немесе азайтатын дәрі беріледі.

Эвтаназияға рұқсат берген елдер «бұл жердегі әңгіме пациентке көмектесу, оның халін жеңілдету» дегенді алға тартады. Әрине, адамның өмірін сарапқа салатын біз ешкім емеспіз. Бірақ адамға өмір беретін де, алатын да Жаратушы екенін ұмытпаған абзал.

ҮРЕЙ аурудан қауіпті



Айнұр
СЕНБАЕВА

Қазақта «қорыққанға қос көрінеді» деген сөз бар. Бір нәрседен қорқып, секем алған сайын бойдағы үрей күшейе береді. Адамның ойы жүйрік қой, кез келген жағдайда бірден ойымызға жаман нәрсе келе қалады. Әсіресе, кейінгі кезде денсаулық сәл сыр беріп, бір жеріміз ауырса, бірден жаман ауруға шалдығып қалдық па деген ойдың мазалайтыны рас. Өйткені, аурудан бұрын, ауру туралы ақпарат біраз адамның түбіне жететінін шындық.

Осы қорқыныш, үрейдің адам психологиясына қалай әсер ететіні жайлы әлемдік дәрігерлер біраз тәжірибе жасаған. Бірде дәрігер-ғалым өз теориясының дұрыстығына көз жеткізу үшін тәжірибе жасамақ болады. Бұл тәжірибені іске асыру үшін оған өмірін киюға әзір ерікті керек болады. Ғалым мұндай адамды қылмысы үшін өлім жазасына кесілген сотталушылар арасынан табады. Ол электр үстелінде өлтірілуі тиіс ер адам еді.

Дәрігер сотталушыға мынандай ұсыныс жасайды: әлгі адам ғылыми-медициналық тәжірибеге қатысуы шарт. Адамның бойындағы қан соңғы тамшысына дейін ағып кеткенше жүрек қағу ырғағы қалай әлсіреп, тоқтайтынын білу қажет. Ғалымның түсіндіруі бойынша мұндай тәжірибеден адамның тірі қалуы екіталай, бірақ адам еш ауырмай, қиналмай өледі. Сотталушы бұл ұсынысты қабыл алды, өйткені бәрібір өзін ажал күтіп тұрғанын білетін адам электр үстелінде қиналып өлгенше, қиналмай өлуді таңдады.

Еріктіні денесі қозғалмайтын етіп зембілге жатқызады. Осыдан кейін дәрігер оның білегін тіліп, қолының астына кішкентай алюмин ыдыс қояды. Дәрігер оның білегінің тек терісін ғана тілген еді, ал сотталушы күре тамырым кесілді деп ойлады. Зембілдің астына ыдысқа тамып тұрғаны естіліп тұратындай етіп сұйықтық ағатын клапан орнатылды. Сотталушы ыдысқа тамып жатқан әр тамшыны



«**•Үрей, бұл – аурудың жартысы. Сабырлық – денсаулықтың жартысы. Төзімділік – құлан-таза айығудың басы.**

Әбу Әли Ибн Сина.

өзінің қаны деп деп ойлап, ішінен санап жатты. Еріктіні бойындағы қаны азайып бара жатқанына сендіру үшін тамшыларды баяу ағатындай етіп қойды. Бірер минуттардан соң әлгі адамның өң-түсі бозарып, жүрек соғысы жиілеп кетті. Тағы бірнеше минуттан кейін ғалым клапанды мүлде жауып тастады. Сол кезде өзінің қаны толық ағып кетті деп ойлаған еріктінің жүрегі тоқтап қалып, қайтыс болады.

Сөйтіп, ғалым кез келген жағымды немесе жағымсыз дүниені қабылдауымыз біздің психологиялық, соматикалық аппаратымызға әсер ететінін дәлелдеді.

Егер бір адамға сіздің ағзаныңда қауіпті вирус бар десе, ол адам вирустан емес, қорқыныштан ауырып қалады, тіпті өліп кетеді. Біз күндіз-түні БАҚ арқылы, әлеуметтік желілер арқылы жағымсыз ақпараттарды бойымызға сіңіріп, содан иммунитетіміз әлсірейді. Адамның бойында қорқыныш болмаса, ешқандай вирус қауіп төндіре алмайды.



ӘЛЕМ ДИДАРЫ

Тағы да «Кальмар ойыны»



БРИТАНИЯ дәрігерлері жергілікті ауруханаларға күйік шалып түсіп жатқан балалардың көптігіне алаңдаулы.

Оған себеп, әлгі атышулы «Кальмар ойыны» сериалы деседі. Оңтүстік-кореялық сериалдың ізі-

мен әлеуметтік желіде түрлі челленджер шығуда. Мәселен, қазіргі таңда сериалдағы «қанттан бөліш жасау» ойыны «TikTok»-та трендте тұрған көрінеді. Осы платформадан желі қолданушыларының тәтті бөліш пісіріп, артынша оны инемен бөлген 10 мыңдаған видеосын көруге болады. Дәрігерлер сол қант қосылған бөліштерді пісіру балалар үшін аса қауіпті деп алаңдаулы. Себебі, ерітілген қантты қайнату температурасы өте жоғары болады.

Жергілікті дәрігерлер арзан челленджерге елітіп қолын күйдіріп алған балалардың суретіне назар аударып, кейін күйік орнында тыртық қалуы мүмкін деп, олардың болашағына алаңдаушылық білдірді.

«Тәтті» көйлектер



ФРАНЦИЯ астанасы Парижде ерекше жәрмеңке ұйымдастырылды.

Оған арнайы келген сән әлемінің сарап-

шы-меймандары шоколадтардан «тігілген» өзгеше көйлектерді тамашалады. Бір қызығы, бұл дәстүрге айналған жәрмеңке екен. Былтыр пандемия салдарынан өтпей қалған.

Биылғы жәрмеңкеде шоколад-костюм шеберлері 10 «тәтті» көйлектің үлгісін ұсыныпты. Дизайнерлер әр көйлекті жасауға талай уақытын жұмсаған. Бір аптадай көрініс тапқан жәрмеңкеде олардың «тәтті» киімдердің еріп кетпеуіне алаңдағаны да айdan анық. Себебі, адам денесінің қызуынан шоколад тез бұлінуі мүмкін ғой. Сондықтан қыздар әуелі шоколадтардың астынан матадан тігілген киім киіпті. Ғимарат ішіндегі температураны да үнемі бақылауда ұстап отырған.

Дайындаған Нұр ЖАМАЛ.



КІТАП – КӨҢІЛ КІЛТІ

Қаламгер жайлы монография



пьеса) жанрлық, көркемдік-стильдік поэтикалық ерекшеліктері мәтіндік талдаулармен саралана қарастырылған.

Жазушының мазмұн мен пішін поэтикасы тұтастығымен өрілген шығармаларындағы философиялық, психологиялық, көркемдік жинақтаулар поэтикасының адамтанудағы, тіршіліктанудағы көркемдік-эстетикалық ұлағаты

айқындала бағаланған. Сонымен бірге, жазушының қазіргі қазақ көсемсөзі (публицистикасы) саласындағы туындыларындағы азаматтық-отаншылдық, сыншылдық ұстаным өрнектеріне, тарихи-танымдық тағылымына бағалаулар жасалған.

Кітап жоғары оқу орындарының білімгерлеріне (студенттерге, магистранттарға, докторанттарға) және жалпы оқырмандарға арналған.

А.НҮРСАБЕТ.

Әдебиеттанушы Темірхан Тебегеновтің «Жазушы Мереке Құлкенов шығармашылығы: көркемдік және тарихи таным» атты жаңа монографиясы жарық көрді.

Мереке Құлкенов – қазіргі қазақ әдебиеті дамуы үдерісіндегі көрнекті жазушыларымыздың қатарындағы шығармашыл тұлға. Монографияда жазушының оқырмандары ыстық ықыласпен қабылдаған шығармаларының (әңгімелер, повестер,

Біздің қоғамда жемқорлыққа орын жоқ

Биыл – ел егемендігіне 30 жыл! Бұл күн, әсіресе, мен үшін және Тәуелсіздіктің құрдастары үшін ерекше мейрам. Дүниеге шыр етіп келген күннен бастап «Тәуелсіз елдің ұрпақтары» деген аталы сөзді естіп өстім. Алайда, осындай тәуелсіздігіміздің қадір-қасиетін кетіретін елімізде «жемқорлық» деген ауыр дерт бар. Жемқорлықпен күресу елімізде бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

«Жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «соггиртіо» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында, сондай-ақ «соггиртіо» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

Бұл тұрғыда бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатынын біз тарихтан жақсы білеміз.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, жемқорлық қыл-

мыстарға, негізінен, лауазымды қылмыстар жатады. Өмірде жатқан қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Біздің қоғамда жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек. Тәуелсіздік тұғырында бақытты өмір сүріп жатқан халқымыз үшін жемқорлық деген дертті жеңу өз қолдарында.

Тәуелсіздіктің құрдасы атану мен үшін үлкен мәртебе, бақыт және мақтаныш! Сол себепті, мен осы мәртебеге лайықты жемқорлықсыз өмір сүруді таңдаймын.

Қ.М.ЕШМҰРАТОВА,
Алматы қаласы Алатау ауданы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы.

ОҚЫРМАНҒА ҚҰЛАҚҚАҒЫС

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылға баспасөзге жазылу жүріп жатыр. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға бір жылға жазылу керек.

2021 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртеккің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») almaty-aqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС.

2022 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Тек бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 3 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:
8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* *құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;*

* *құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!*

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
almaty-aqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Апталық таралымы – 15 663

Кезекші редактор – Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPU00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

ҰЖЫМДЫҚ
ИММУНИТЕТ

Ұжымдық иммунитетке қол жеткізу үшін еліміздегі вакциналаумен қамтылған ересек тұрғындар кемінде 60%-ды құрауы тиіс



Вакцинациядан кейін қалыптасқан иммунитет кемінде 1 жыл сақталады, ал коронавирустан жазылып шыққаннан кейін антиденелер орташа есеппен 6 ай сақталады

CORONA
VIRUS2020/KZ
kazinform

© «Қазақстан Республикасының еңбексіздігі менің 2021 жыл» - Inform.kz

ВАКЦИНАЦИЯДАН КЕЙІН
ВИРУС ЖҰҚТЫРУ МҮМКІН БЕ?

Ешбір вакцина абсолютті кепілдік бере алмайды, алайда қауіпті едәуір төмендетеді

Симптомсыз пациенттер инфекция тасымалдаушылар болып табылады, сондықтан тіпті вакцинациядан кейін де әлеуметтік қашықтықты сақтауды және бетперде тағып жүруді жалғастыру қажет



Егер вакцинациядан кейін вирус жұқтырған жағдайда ауру айтарлықтай жеңіл түрде, нақтырақ айтқанда – симптомсыз өтеді



Егер адам вакцинаның бірінші дозасын алғаннан кейін COVID-19 жұқтырып алса, мұндай жағдайда екінші компонентті толық сауығып шыққаннан кейін 6 айдан соң алуына болады

CORONA
VIRUS2020/KZ

ЖЕР-ЖАҢАН

ҰЛЫ мен ҰРЫ



«Бірде Нью-Йорк метросына отырдым. Үйге жеткенде, қалтамадан алтын сағат шықты.

Бұл қымбат бұйымның менің қалтама қалай түсіп кеткеніне ақылым жетпеді де, оны полиция бөлімшесіне апарып тапсырдым. Келесі күні мен бір ауқатты адамның алтын сағатын қағып кеткен едім. Метрода сізді кездестірдім

де, бір сыйлық жасамақ боп, қалтаңызға білдірмей сол сағатты салып жібердім. Қабыл алыңыз!» – деп жазылған екен.

Арада жыл өтті. Полиция ұрыны да, сағаттың иесін де таппады. Сосын әлгі сағатты өзіме қайта жолдапты. Бұл оқиға жайында газеттер бірнеше мәрте жазды да. Бірнеше күн өткен соң, тосыннан тағы бір хат алдым. «Құрметті Чаплин мырза! Бір жыл бұрын мен метрода алтын сағатымды ұрлатып алған едім. Газеттерден белгісіз бір ұрының сағатымды сізге сыйлағанын білдім. Сол сағат сізде қалса екен деп шын ниетіммен тілеймін. Мен сіздің талантыңызды қалтақағар ұрыдан да артық бағалай алатынымды жеткізгім келеді. Соның айғағы ретінде сіздің алтын сағатыңызға алтын бау беріп жіберіп отырмын», – деп жазылған екен хатта»

(Чарли Чаплиннің жазбаларынан).

ШТАНДАРТЕНФЮРЕР



«Аякастынан жүрегім ұстап қалды. Беймезгіл түнгі уақыт болатын. Жакын маңда дәрігер не емхана жоқ. Бірақ әскери госпиталь бар еді. Үйдегілер сонда алып барды.

Қабылдау бөліміндегі дәрігер карта толтыра бастады.
– Фамилияңыз, атыңыз, әкеңіздің аты? – деді алдындағы қағаздан басын көтермеген күйі.
– Тихонов, Вячеслав Васильевич, – дедім.
– Әскери шеніңіз?
– Штандартенфюрер, – деп жауап бердім.
Дәрігер басын дереу көтеріп алды да, маған бажайлай қарап отырып:

– Ох, кешіріңіз, танымай қалыппын., – деді қысылып.

(Вячеслав Тихоновтың естелігінен).

ДҮНИЕ – КЕЗЕК



«Түнімен дөңбекшіп ұйықтай алмадым, кірпіктерім айқасар емес.

Содан көшеге, таза ауаға шықтым. Шама самадай жарқыраған бағананың түбінде тұрған едім. Маған қарай бір бозбала беттеді. Таяды да, сілтідей тынып, ескерткіш сияқты қатып қалды. «Қолтаңба беріңізші, өтінемін!», – деді. Ал мен сіркем су көтермей,

жынданып тұрған қалпымда: «Өрі жүр...», – деп зекіп тастадым.

Жуырда Монреальда болдым. «Хилтон» қонақүйіне орналастым. Тағы да мазасыз күй кешіп, ұйықтай алмай қойдым. Шылым шегейін деп балконға шықтым. Міне, қызық, әріректе менің ең сүйікті киноактерым Чарльз Бронсон тұр. Ақырын таяп бардым. Французша «Сіз менің сүйікті актерымсыз...» дей беріп едім, «Гет лост...» («жоғал әрмен...») деген жауап естідім. Сол сәт өткендегі бозбала есіме түсті...»

(Владимир Высоцкийдің әңгімесінен).
Дайындаған Нұржамал ӘЛШЕВА.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Ғарышпен байланысты
қуыршақтар

Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайында авторлық қуыршақтардың «Мәңгі бірге» атты мерейтойлық V көрмесі ашылды.

Алматылықтар мен қала қонақтарына ғарыштық тақырыпта жасалған көптеген авторлық қуыршақтарды көруге мүмкіндік бар. Бүгінде соңғы дайындық жүріп жатыр, көрме 6 желтоқсанда басталады.

– Біз бұл көрмені демалыс кезінде балалар көрме экспонаттарымен тегін таныса алатындай етіп өткіземіз, – деді жоба кураторы Оксана Танская. Расында онда көруге тұратындай дүние бар. Шығыс залында 300-ден астам авторлық ойыншық қойылған. Әрине, экспонаттар ғарыш тақырыбына орайластырып жасалған. Өйткені, көрме бірінші кезекте Юрий Гагариннің ғарышқа ұшуының 60 жылдығына арналады. Ғарышкердің ойыншық көшірмесі бүгінге дейін көпшілік назарына ұсынылмаған. Сондықтан Анастасия Елисеєва жасаған Гагариннің шынайы миниатюралық көшірмелері бірінші кезекте көпті баурап алары сөзсіз.


– Мен ғарышкер туралы көп оқыдым, бейнені қарадым. Ол бүкіл әлемдегі адамдардың қумірі болды. Гагариннің бейнесі жарқын, жанды болғанын қалаймын. Сондықтан



қуыршақтың бетін бірнеше рет өзгерттім. Менің қуыршағымды байқағаны және кәдесый ретінде ғарышқа жіберетіндері өте қызықты. Бұл менің дұрыс бағытта дамып келе жатқандығын білдіреді, – деді автор. Ал шебер жасаған Юрий Гагариннің миниатюралық көшірмесі Халықаралық ғарыш станциясында тұрады.

Көрмеде тек Қазақстаннан ғана емес, Ресейден, Түркиядан, Франциядан, Бельгиядан және басқа да елдерден 121 шебер өз жұмыстарын ұсынды. Өйткені, аталған жоба – халықаралық. Көрме қарашаның ортасына дейін жалғасады.

Армян этносына – экспозиция



Орталық мемлекеттік мұражай еліміздің армян этносына арналған жарияланған экспозицияны ұсынды.

Онда көрерменге биіктігі 4090 метр келетін Арагац тауы, Арменияның ең танымал көрікті жері және оның жауһар сәулет мұра-

сы Татевта шіркеуі, басқа да көрнекті орындар ұсынылды.

Армян этномәдени бірлестігінің өкілдері өз қауымын таныстырды. Қазіргі уақытта елімізде армян этносының 32 мың өкілі тұрады, ірі қалаларда 14 ұлттық-мәдени орталық тіркелген.

– Егер біз армян этносына арналған экспозицияны және басқа да этномәдени бірлестіктерге арналған экспозицияны қарастыратын болсақ, оларға ортақ нәрсе көп екенін көреміз – ұсынылған барлық экспозициялар үлкен сүйіспеншілікпен жасалған. Бұл – біздің рухани негізіміз болып табылатын алуан түрліліктің бірлігі, – дейді мұражай өкілі.

Әзірлеген
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.